



ЕЛ ЖЫЛНАМАСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРАУЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Халық Кеңесі бірінші сессиясының ашылуында сөз сөйледі.

— Қадірлі отандастар! Құрметті Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелері! Еліміздің ең жоғары консультативтік мекемесі — Қазақстан Халық Кеңесінің алғашқы сессиясының ашылуы баршаңызға құтты болсын! Бүгін еліміз үшін аса маңызды күн, шын мәнінде, тарихи оқиға деп айтуға толық негіз бар. Қазақстан Халық Кеңесі мемлекетіміздің саяси жүйесінде айрықша орын алатын, конституциялық мәртебесі бар бірегей институт болатынына күмәнім жоқ. Қазір Қазақстан ауқымды өзгерістер кезеңін бастан өткеру-

де. Қоғамымыздың барлық саласында түбегейлі реформалар іске асырылуда. Алайда реформалар мен өзгерістер осымен өз мәресіне жетті деп мүлдем айтуға болмайды. Бұл жұмыс міндетті түрде жалғасады. Біз билік жүйесін заман талабына сай жаңғырту ісін қолға алдық. Елімізде Халық Кеңесінің құрылуы соның бір айқын дәлелі екені анық. Мемлекет өміріндегі бұл маңызды үдеріс осыдан тура бір жыл бұрын басталды, мұны сіздер жақсы білесіздер.

(Жалғасы 2-бетте)

БІРЛЕСКЕН ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Hong Kong Sino-Science Oil and Gas компаниясының басшысы Инь Цайванмен, VNET Group басшысы Чэнь Шэнмен, Shanghai Junhe Atomic Technology басшысы Тянь Цзяшунмен және БҰҰ Инвестициялық комитетінің мүшесі Ли Шаньмен кездесті.

Кездесу аясында энергетика, цифрландыру және қаржы салаларындағы жобаларды бірлесе жүзеге асыру перспективасы талқыланды.

Мемлекет басшысы екі елдің жан-жақты стратегиялық серіктестігінің мазмұнын технологиялық және өнеркәсіптік тұрғыдан байыта түсу маңызды екеніне назар аударды. Президенттің айтуынша, Қытайдың жетекші компанияларының елімізге келуі Қазақстанға деген сенімнің жоғары екенін айғақтайды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Инь Цайван мен ол басқарып отырған компанияға «Қазақстан — Қытай» инвестициялық форумын ұйымдастыруға үлес қосқаны үшін ризашылығын білдірді. Сондай-ақ Hong Kong Sino-Science Oil and Gas компаниясы Қазақстанға 3 миллиард доллардан аса инвестиция құйып, мұнай-газ саласындағы негізгі кәсіпорындардың біріне айналғанын атап өтті.

Әңгімелесу барысында VNET Group директорлар кеңесінің атқарушы төрағасы Чэнь Шэн Деректерді өңдеу орталықтары



алқабын және жасанды интеллект инфрақұрылымын жасақтау ісіне қатысу ниетін жеткізді.

Президент Қазақстанның қытайлық компаниялармен инвестиция тарту, технологияларды локализациялау, бірлескен зерттеулер жүргізу, таланттарды қолдау және құзыреттер орталығын құру секілді басты бағыттар бойынша тығыз ықпалдастық орнатуға әзір екенін растады.

Shanghai Junhe Atomic Technology компаниясымен технологиялық ынтымақтастық аясында атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану перспективті бағыт ретінде аталды. Бұл ретте табиғи уран өңдеу мен

ядролық отын өндіруден бастап шағын модульді реакторлар орнатуға дейінгі толық өндірістік тізбек құру аса маңызды.

Қытай компанияларының басшылары Қазақстандағы инвестициялық климатты жақсарту қадамдарына, сондай-ақ елде жүргізіліп жатқан іргелі реформаларға жоғары баға берді. Олар мемлекеттік институттарды жетілдіру шараларын елдегі ұзақмерзімді тұрақтылықтың нышаны ретінде қабылдайды.

Қытай компанияларының өкілдері дәстүрлі энергетика секторымен қатар, ел дамуына бағытталған басқа да салалар мен жобаларға инвестиция көлемін ұлғайтуға дайын екенін айтты.

ЕКІ ЕЛ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗЫ АРТТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халықтық саяси консультативтік кеңесі Бүкілқытайлық комитетінің Тұрақты комитет мүшесі, Гонконгтағы Қытай бас сауда палатасының төрағасы, Sunwah Group корпорациясының төрағасы Цай Гуаньшэньмен кездесті.

Мемлекет басшысы іскерлік ортаның 500-ден астам өкілі, соның ішінде 300-ге жуық қытай кәсіпкерлері бас қосқан Алматыдағы «Қазақстан — Қытай» инвестициялық форумын ұйымдастыруға Цай Гуаньшэньнің қосқан үлесін жоғары бағалады.

Президент форумды екі елдің мемлекеттік органдары, қаржы институттары мен бизнес өкілдері арасында тікелей байланыс орнататын тұрақты алаңға айналдыру маңызды екеніне назар аударды. Мемлекет басшысының айтуынша, негізгі міндет — қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру, инвестициялық ықпалдастықты кеңейту және бірлескен жана өндіріс орындарын құру.

Бұдан кейін Президент Fufeng Group компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Ли Сюэчуньді қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаев Ли Сюэчуньді Жамбыл облысында ауқымды инвестициялық жобаны іске қосумен құттықтады.

Мемлекет басшысының айтуынша, бұл кәсіпорын еліміздің индустриялық дамуы және агроөнеркәсіп биотехнологиясы сияқты жаңа бағытты қалыптастыру тұрғысынан стратегиялық мәнге ие.

Осыдан соң Қасым-Жомарт Тоқаев Xinfu Group компаниясының президенті Чжан Гуйчунды қабылдады. Кездесуде Мемлекет басшысы еліміздің ұзақмерзімді ынтымақтастыққа, Қазақстанда заманауи технологияларды енгізуге және өндірісті дамытуға бейіл ірі инвесторлармен жұмыс істеуге қызығушылық танытатынын жеткізді.

Осы орайда, Президент металлургия және көмір химиясы салаларында толық өндірістік тізбекке ие



Xinfu компаниясымен ықпалдастыққа әзір екенін растады.

Қасым-Жомарт Тоқаев UTO Express атқарушы директоры Чжоу Цзяньмен Pinduoduo компаниясының халықаралық бизнес жөніндегі жетекшісі Вэн Пэйчэнді қабылдады.

Әңгімелесу барысында логистика және электронды коммерция саласында, соның ішінде «Бір белдеу, бір жол» бастамасын іске асыру аясында өзара тиімді ынтымақтастық құруға мүмкіндік мол екені атап өтілді.

Президенттің айтуынша, еліміз 2030 жылға қарай жалпы саудадағы электронды коммерцияның үлесін 20 пайызға дейін жеткізуді көздеп отыр.

Бұдан соң Мемлекет басшысы UBTECH Robotics Corp компаниясының аға президенті Чжун Юнмен кездесті. Қасым-Жомарт Тоқаев корпорацияның Алматыда білім беруге және қызмет көрсетуге арналған роботты техникалар шығаратын зауыт ашу жоспарына қолдау білдірді.

Президент еліміз аталған компанияның Қытайдан тысқары жердегі алғашқы өндіріс алаңы болатынын айтты.

Кездесуде білім саласындағы серіктестік перспективасы талқыланды. Атап айтқанда, UBTECH пен Қазақстанның техникалық жоғары оқу орындары және колледждері арасында жүйелі ықпалдастық орнату мүмкіндігі қаралды.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан — Қытай» инвестициялық форумы аясында бейнебайланыс режимі арқылы Жамбыл облысында жүгеріні терең өңдеу бойынша өнеркәсіп паркі құрылысын бастауға рұқсат берді.

ЖҮГЕРІ ЗАУЫТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Жобаны әлемдегі биологиялық ашыту саласы көшбасшыларының бірі — қытайлық Fufeng Group компаниясы іске асырады. Өндірістік кешенді инвестициялаудың алғашқы кезеңіне 350 миллион доллар жұмсалды. Кәсіпорын жылына 500 мың тоннаға дейін жүгері өңдей алады.

Екінші кезеңде кәсіпорынның жүгері өңдеу қуатын жылына 3 миллион тоннаға дейін ұлғайту және шығарылатын өнім түрлерін арттыру қарастырылған. Бұл кезеңдегі инвестицияның жалпы көлемі 1,15 миллиард долларды құрайды. Өнеркәсіп паркін құру 1,5 мыңға жуық жұмыс орнын ашуға және елімізде бидайды терең өңдеу бойынша толық өндірістік циклді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы шикізатын терең өңдеуді ілгерілетуге, Қытаймен өнеркәсіптік ынтымақтастықты кеңейтуге, сондай-ақ отандық агроөнеркәсіп саласының экспорттық әлеуетін нығайтуға септігін тигізеді.

МЕМЛЕКЕТТЕР БАСШЫЛАРЫ КӨҢІЛ АЙТТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына Каспий теңізіндегі оқу-жаттығу жиыны барысында әскери қызметшілердің қаза табуына байланысты шет мемлекеттердің басшылары мен халықаралық ұйымдардың жетекшілерінен көңіл айту жеделхаттары келіп түсіп жатыр. Жеделхаттарда шетел көшбасшылары осынау қиын сәтте Қазақстан халқымен бірге екенін жеткізген.

Сонымен қатар қазақстандықтардың ауыр қайғысына ортақтасып, қаза тапқан азаматтардың туған-туыстарына көңіл айтады. Көңіл айту жеделхаттарын Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Франция Президенті Эммануэль Макрон, Сербия Президенті Александар Вучич, Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы, Вьетнам Социалистік Республикасының Президенті То Лам, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Татарстан Раисы Рустам Минниханов, сондай-ақ бірқатар халықаралық ұйымның жетекшілері жолдады.

Қазақстан Президенті халықаралық қоғамдастықтың жұбаныш сөзі мен қолдауына ризашылығын білдірді.

АҚОРДА

26 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

ЕЛ ЖЫЛНАМАСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРАУЫ

(Басы 1-бетте)

Мен былтырғы халыққа Жолдауымда бір палаталы Парламент құру туралы бастама көтердім. Аталған ұсыныс қоғамымызда қызу әрі кең ауқымда талқыланды. Ел ішінде ашық, шынайы пікірталас болды. Азаматтарымыздың тарапынан мыңдаған ұсыныстар, ой-пікірлер айтылды. Осылайша, талқылаудың соңы кейінгі 30 жылда болмаған мазмұны терең конституциялық реформаға ұласты, — деді Президент.

**КОНСТИТУЦИЯ —
ХАЛЫҚ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ**

Мемлекет басшысы биыл 15 наурызда жалпыұлттық референдум арқылы тұтас елімізді өрлеу дәуіріне бастайтын кастерлі құжат — Конституциямыз қабылданғанын тілге тиек етті.

— Бұл маңызды тарихи оқиға халықаралық қауымдастық тарапынан зор ықылас пен қызығушылық туғызды. Өйткені қазіргідей бұлыңғыр, тұрақсыз әлемде жаңа Конституцияның қабылдануы бүкіл дүниежүзі тарихында өте сирек кездесетін жағдай деп айтуға болады. Беделді саясаткерлер мен сарапшылар Қазақстанның бұл қадамын, шын мәнінде, бірегей саяси оқиға деп бағалап, мұны батылдық пен жасампаздықтың жарқын көрінісі ретінде мойындау қажет екенін бірауыздан айтуда.

Конституция халқымыздың мәңгілік темірқазығы және Әділетті, Озық, Таза Қазақстанның мызғымас арқауы ретінде елімізді жарқын келешекке апаратыны сөзсіз. Конституциялық реформа нәтижесінде біз еліміздің заң шығарушы органы — Құрылтайдың алғашқы сайлауын өткіздік. Шетелдік сарапшылардың пайымдауы бойынша сайлау жоғары деңгейде, мінсіз өтті. Халық қолдаған Құрылтайға бес партия кірді. 28 тамыз күні депутаттар өз жұмысына кірісті. Үкіметтің жаңартылған құрамы жасақталды. Вице-Президент тағайындалды. Жаңа мемлекеттік мекеме — Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Аппараты құрылды. Міне, бүгін Қазақстан Халық Кеңесі де өз қызметін бастап отыр. Осы тарихи оқиғаның маңағынасын ешқашан жадымыздан шығармайық, құрметті отандастар! — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент осы тұста соңғы 7 жылда ішкі жалпы өнім 29 пайызға артып, 306 миллиард долларға жеткенін айтты. Алтын-валюта резерві және Ұлттық қор активтерінің көлемі 138 миллиард доллардан асты. Осы кезеңде елімізге 162 миллиард доллардан астам инвестиция тартылды. Шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 40 пайыздан асты. Қазақстанда жыл сайын 20 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй бой көтереді. 2019 жылдан бастап 1 миллионнан астам оқушыға арналған 1342 мектеп салынды. Азаматтардың орташа өмір сүру ұзақтығы 76 жасқа жетті. Сондай-ақ 1 200-ден астам денсаулық сақтау нысаны ашылды. Осы уақыт ішінде 35 мың шақырымнан астам автокөлік жолы салынып, жөнделді. Белсенді жұмыстың нәтижесінде Қазақстан әлемнің бәсекеге қабілетті 40 елінің қатарына енді.

Бұдан соң Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі түйткілдерді ашық талқылайтын, жұрттың ұсыныс-пікірлерін сараптап, нақты шешімдер ұсынатын арнайы институт құруды көптен бері жоспарлап жүргенін жеткізді.

— Оның құрылымы, атқаратын жұмысы жөнінде ұзақ ойландым. Кеңестің атауын Конституциялық реформа жөніндегі комиссияға өзім ұсындым. «Қазақстан Халық Кеңесі» деген атау жаңа институттың жалпыұлттық сипатын көрсетеді. Конституцияға сәйкес мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және Егемендік иесі, бұл — халық. Сондықтан жұртшылықтың мүддесін қорғайтын бірегей органның атауында «Халық» сөзінің тұруы — өте қисынды,



орынды, себебі, бұл — заңдылық. Бұған қоса, «Қазақстан Халық Кеңесі» атауы — Конституцияда бекітілген бірыңғай әрі ресми нұсқа. Бұл жаңа органның мәртебесі биік, жауапкершілігі жоғары екенін айшықтайды, — деді Президент.

Мемлекет басшысы алайда Халық Кеңесі — Құрылтайға балама мекеме емесін баса айтты.

— Кеңес мүшелері Құрылтайдың құзыретіне кіретін жұмыспен айналыспайды. Депутаттардың қызметіне араласпайды. Заң бойынша осындай әрекеттерге құқы жоқ. Тиісінше, Құрылтай депутаттарының да Халық Кеңесінің жұмысына араласуға хақы жоқ. Бәрінің алдында тұрған басты мақсат: екі институт та бір-бірін толықтырып, бірлесе қызмет етуі керек. Сондықтан Халық Кеңесі мен Құрылтайдың комитеттері тығыз байланыста болып, үйлесімді түрде жұмыс істеуі қажет. Алдымызда тұрған мақсат та — бір, Отанымыз да — бір. Сондықтан бәріміз біртұтас ел болып бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып Қазақстан халқы үшін табанды қызмет етуіміз керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

**САБАҚТАСТЫҚТЫ САҚТАУ —
БАСТЫ МІНДЕТ**

Осыдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев басқосуда алдымызда тұрған нақты міндеттерге тоқталды.

— Бірінші. Қазақстан халқының бірлігін нығайту — өте маңызды мәселе. Сондықтан Қазақстан Халық Кеңесі сабақтастықты сақтап, Қазақстан халқы ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайдың дәстүрі мен үздік тәжірибесін жалғастыруы қажет. Бұл ретте бүкіл жұмыстың сапасын жаңа саяси және ұйымдастыру деңгейіне көтерген жөн. Қабылданған шешімдер мен жүргізіліп жатқан реформалардың салдары этномәдени бірлестіктерге қалай әсер етеді деген орынды сауал, тіпті алаңдаушылық туындағанын білемін.

Қазақстан халқы ассамблеясы, шын мәнінде, өз жұмысын аяқтады. Бірақ бұл ұйым аясында қалыптасқан пайдалы институтоналдық инфрақұрылым керексіз болып қалады дегенді білдірмейді. Сіздерге турасын айтайын: Қазақстан халқы ассамблеясының бірегей тәжірибесі ешқашан тарих қойнауына кетпейді, керісінше, Халық Кеңесінің жұмысында қолданылады, — деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент дұрыс шешімді талап ететін түйткілдер шаш етекпен екенін айтты.

— Осыған дейін бірнеше мәрте айтқанмын: ұлтты ұйыстырып, мемлекетіміздің іргесін бекемдейтін ең маңызды фактор — мемлекеттік тіл. Бұрын болжаммен, долбармен ғана айтылатын жағдай қазір шындыққа айналды. Қазақ тілі қандай да бір әкімшілік, тіпті саяси мәжбүрлеусіз өрісі кеңейіп, көпшіліктің тіліне айналды. Әсіресе, жастарымыздың қазақ тілінде еркін, сауатты сөйлейтіні қуантады. Сіздер мұны көріп, біліп жүрсіздер.

Ана тіліміз мемлекеттік тіл ретінде сұранысқа ие, ұлттық мәдениетімізді, болмысымызды шырайлы да шұрайлы туған тіліміз арқылы көрсетеміз. Қазақ тілінде бірауыз сөз айта алмау білімсіздік пен мәдениетсіздіктің белгісіне айналды. Мұның бәрі — мәжбүрлеуге емес, толеранттық пен сенімге негізделген ортақ жұмыстың нәтижесі. Алайда бұл басқа тілдерден бас тарту керек дегенді білдірмейді әрі оларды шеттетуге құқық бермейді. Өздеріңізге мәлім, Конституцияда тіліне, тегіне, ұлтына, діни көзқарасы мен нанымна немесе кез келген өзге де себептерге байланысты кемсітуге тыйым салынған, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев атаған Халық Кеңесінің тағы бір маңызды міндеті — аймақтармен тығыз байланыс орнатып, олардың мүддесін қорғау.

— Өздеріңізге мәлім, Кеңестің үштен бір бөлігі — аймақтан келген өкілдер. Олардың қатарында мәслихат депутаттары мен қоғамдық кеңес мүшелері бар. Бұл — жергілікті жердегі мәселелер республикалық деңгейде көтеріледі деген сөз. Қоғамда «Сенат жұмысын тоқтатқан соң өңірлердің мүддесі ескерусіз қала ма?» деген сұрақ болуы мүмкін. Аймақтардың үні бұдан былай Құрылтай мен Халық Кеңесі арқылы мемлекеттік органдарға жететін болады. Ауылда, ауданда, облыста нақты ісімен халықтың ықыласына, құрметіне ие болған азаматтар аз емес. Халық Кеңесі осындай мықты тұлғаларды елге танытып, олардың қабілетін одан әрі шыңдауға мүмкіндік беретін мекеме болмақ. Мен бұған кәміл сенемін, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің сөзінше, мәслихаттар Парламентпен тығыз байланыста жұмыс істейді. Олар аймақтағы мәселелерді орталыққа жеткізіп, заңдарды жетілдіруге қатысты өз ұсыныстарын тұрақты түрде беріп отырады.

— Елдік мәселелер талқыланған кезде қоғамдық кеңестердің мүмкіндіктерін толық пайдалану қажет. Осы орайда, қоғамдық кеңестер туралы заңнаманы жетілдіру керек. Халық Кеңесі қоғамдық кеңестермен тұрақты байланысты жолға қойып, оларға арналған жан-жақты қолдау шараларын қарастыруы қажет. Үкіметке Қазақстан Халық Кеңесімен бірлесіп, мұндай құрылымдардың кәсіби әлеуетін арттыру жолдарын пысықтауды тапсырамын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы осы тұста аймақтарды дамытуға тұрақты түрде баса мән берілетінін айтып, жол саласындағы ахуалға тоқталды.

— «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» мекемесінің қызметін күшейту керек. Жалпы, осы салаға түбегейлі реформа жасаған жөн. Қоғамдық бақылауды күшейту қажет. Болжам бойынша 2035 жылға дейін елімізге 2,9 миллион маман, соның ішінде 1,8 миллион жұмысшы маман қажет. Кадр тапшылығы, әсіресе, өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы және IT саласында байқалмақ. Қазір еліміздегі 763 колледжде 500 мыңнан аса

студент оқиды. Қажетті машықтарды меңгерген, алайда салалық дипломы жоқ адамдар кәсіби біліктілікті тануға арналған 22 орталықта өз құзыретін растай алады. Астанада жүзеге асырылып жатқан Joltar жобасын айрықша атап өткім келеді. Үш жыл ішінде 22 мыңнан аса адам білім алып, 60 пайызы жұмысқа орналасты, екі мыңға жуық жан жеке кәсібін ашты. Осы табысты тәжірибені барлық өңірге тарату қажет, — деді Президент.

**АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ
АЛҒЫШАРТЫ**

Қасым-Жомарт Тоқаев үшінші маңызды міндет ретінде азаматтық қоғам институтын дамыту жайын айтты.

— Азаматтардың мемлекеттік басқару үдерісіне тікелей қатысу тетіктерін құру — елді жаңғыртудың бір жолы. Дәл осы себепті Қазақстан Халық Кеңесі құрамының үштен бірі қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдардың өкілдерінен жасақталды. Бұл — трансформацияның жаңа кезеңі. Сол себепті жүріп өткен жолымызды объективті түрде талдап, келешектегі күрделі сын-қатерлерді шешудің жаңа тәсілдерін әзірлеуді талап етеді, — деп сын айтты Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзінше, «үшінші сектордың» басты міндеті — қоғамда Заң мен Тәртіп, Тазалық пен Табиғатты аялау қағидаттарын орнықтыру.

— «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы мен «Заң және Тәртіп» қағидаты егіз ұғым десек болады. Берекесіздік пен тәртіпсіздік белең алған жағдайда заңның сақталуын талап ету мүмкін емес. Абаттандыру ісіне жұмсалған қаржы — халқымыздың болашағына жасалған инвестиция, — деді Мемлекет басшысы.

Бұл тұста Президент Қазақстан Халық Кеңесі — баламасы жоқ, мүлде жаңа, инновациялық институт екенін сөз етті.

— Әділетті Қазақстанның жарқын символы саналатын бұл құрылымның жөні де, жолы да өзгеше. Сондықтан Кеңестің алғашқы мүшелеріне зор жауапкершілік жүктеледі. Осы мәртебелі әрі беделді құрылымның табысты жұмысы сіздердің табанды еңбектеріңізге байланысты болмақ. Сіздер қоғамның мемлекетке деген сенімін нығайтып, ел бірлігін күшейтуге жол ашатын игі істердің бастауында боласыздар. Әрине жол бастау оңай болмасы анық. Бірақ бір жағынан, бұл — үлкен құрмет және зор мүмкіндік, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жергілікті депутаттар аймақтағы жұртшылықтың мүддесін қорғайтынын, бюджетті бекітіп, басқа да міндеттерді орындайтынын айтты. Бір сөзбен айтқанда, елді мекендерді өркендету ісіне белсене атсалысады.

— Демек, өкілді органдар қызметінің заңға сәйкес болуы айрықша маңызды. Сондықтан мен жақын арада Премьер-министрмен және Құрылтай Төрағасымен барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату жөнінде кеңесемін. Содан соң тиісті Жарлыққа қол қоямын. Көп ұзамай Орталық сайлау комиссиясы сайлау өтетін күнді жариялауы керек. Осы сайлаудың жоғары деңгейде және сапалы өтуіне сіздер де мол үлес қосасыздар деп сенемін, — деді Президент.

Жиын соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Халық Кеңесінің алғашқы құрамына кәсіби, отаншыл, қоғамдағы беделі жоғары, мықты азаматтар енгенін баяндады.

— Бүгін біз алдымызда тұрған мақсат-міндеттерді айқындап алдық. Қоғамымыз сіздерге зор үміт артып отыр. Өздеріңізге жүктелген тарихи миссияның мән-маңызын терең түсініп, мемлекет мүддесі үшін табанды қызмет етесіздер деп ойлаймын. Баршаңызға табыс тілеймін! Кастерлі Отанымыз — Қазақстан өсіп-өркендей берсін! — деп түйінделі Мемлекет басшысы.

АҚОРДА

26 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

ТАРИХИ НЕГІЗІ БЕРІК ТАТУЛЫҚ



Мемлекет басшысы «Қазақстан – Қытай» инвестициялық форумында сөз сөйледі.

Форум басталмас бұрын қатысушылар Маңғыстау облысындағы қайғылы оқиға салдарынан қаза тапқан әскери қызметшілерді бір минут үнсіздікпен еске алып, рухына тағзым етті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Қытайдың мәңгі әрі жан-жақты стратегиялық серіктестігінің тарихи негізі берік әрі тату көршілік пен өзара сенім рухында тың қарқынмен дамып келе жатқанына назар аударды.

Президент өнеркәсіп, цифрландыру, «ақылды қалалар» мен спутниктік технологияларды дамыту, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы серіктестік дәйекті түрде нығайтып келе жатқанын жеткізді. Оның айтуынша, Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау екіжақты ынтымақтастықты жандандыруға құқықтық тұрғыдан ықпал етті.

— Искерлік байланыстардың кенеюіне елдеріміз арасында орнаған визасыз режим де елеулі үлес қосты. Қазіргі кезде Қазақстанда қомақты инвестиция тартып, ірі жобаларды іске асыруға барынша оңтайлы жағдай жасалған деп сеніммен айтуға болады. Биыл 1 шілдеде күшіне енген Конституциямыздың негізгі ережелері еліміздің инвестициялық әлеуетін нығайтуға мықты құқықтық негіз қалады. Ережелердің тұрақтылығына және инвестициялық қызметке мемлекет тарапынан қолдау көрсету сапасына айрықша мән береміз. Осы мақсатта Бас прокуратура жанынан Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитеті құрылды. Бас прокурорға инвестициялық омбудсмен міндеттері жүктелді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының пайымдауынша, әлем экономикасы түбегейлі өзгеріске ұшырап жатқан кезеңде Қазақстан мен

Қытай өзара сенімге, ашықтықпен ортақ мүддеге арқа сүйеген озық әрі тиімді ынтымақтастық үлгісін көрсетіп отыр. Осыған орай Президент екі елдің табысты серіктестігін одан әрі дамытуға арналған басым бағыттарды атады. Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, көлік-логистика саласына тоқталды.

— Халықаралық серіктестермен бірге темір жол қуатын арттырып, автомобиль магистральдары мен теңіз порттарын кеңейтуді, жүк тасымалы авиациясын және шекара маңы инфрақұрылымын дамытуды қолға алдық. Ляньюньганнан Ақтауға дейін Қытай жағалауын Каспиймен байланыстыратын логистикалық тораптар желісі қалыптасты. Көп ұзамай Ченду қаласындағы қазақ-қытай терминалы осы логистикалық тізбектің маңызды буынына айналады. Аталған шаһарда Қазақстанның Бас консулдығын ашуды жоспарлап отырмыз. Азия мен Еуропа арасындағы заманауи көлік байланысын түзетін Орта дәлізді өркендетуді айрықша міндет деп санаймыз, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі форумға транзит аймақтарының өткізу мүмкіндігін кеңейту жұмыстарына белсенді атсалысып жатқан компаниялар қатысып отырғанын айтты. Президент болжам бойынша 2029 жылға қарай Қытайдан Еуропаға қатынайтын контейнерлі пойыздардың саны үш мыңға дейін ұлғаятынын мәлімдеді. Бұл жаһандық логистика тізбегіндегі маңызды көлік хабтарының бірі ретінде Қазақстанның позициясын күшейтеді.

— Бірқатар бірлескен бастамалар қазірдің өзінде нақтылана түсті. Биыл тамыз айында Арал — Каспий автомагистралінің құрылысы басталды. Жаңа бағдар Шығыс — Батыс жолының өткізу қабілетін бірнеше есе арттырады. Таяу уақытта Мойынты — Қызылжар, Бақты — Аягөз теміржолдарының құрылысы аяқталады. Жүк тасымалының ашықтығын «Ақылды шекара» пилоттық жобасы аясында бірлесе енгізілген

цифрлық технологиялар қамтамасыз етеді. Қытайлық Minmetals Logistics корпорациясымен серіктестік аясында жүргізушісіз көлік технологияларын және цифрлық шешімдерді қолданатын логистика дәлізі түзіледі. Бұл — біздің еліміз үшін бірегей жоба. Мультимодальды жүк тасымалын дамытуға ерекше мән береміз. Alatau Air Cargo ұлттық авиа жүк жеткізуші компаниясы жұмысын бастады. Қазақстан нарығына Cathay Pacific Cargo секілді әлемнің ірі жүк әуе компаниялары шығып жатыр. Азаматтық авиация да маңызды рөл атқарады. Биыл Алматы — Сиань, Алматы — Шанхай, Астана — Гуанчжоу, Ақтау — Үрімжі рейстері ашылды. Осы аптада алғашқы жолаушылар бағдары Алматы мен Чунцин қалаларын тікелей байланыстырды, — деді Мемлекет басшысы.

Бұдан соң Президент өнеркәсіп саласындағы ықпалдастықты нығайтудың маңызына назар аударды. Бүгінде бұл бағытта жалпы құны 62 миллиард доллардан асатын 260 бірлескен ірі жоба жүзеге асырылып жатыр.

— Қытайлық кәсіпорындар Алматыда автокөлік кластерін дамытуға белсенді атсалысып келеді. Ортақ күш-жігеріміздің арқасында Қарағанды облысында кремний өндірісі іске қосылды. Сонымен қатар металлургия, мұнай-газ химиясы және энергия жинақтау салаларында іргелі бастамалар қолға алынды. Өнімділігі төмен мұнай ұңғымаларын қалпына келтіру бағытында алғашқы жобалар жүзеге асырылып жатыр. Қытайдың Jinyi Holding Group компаниясымен бірлесіп, Ақтөбе облысында ерекше индустриялық аймақ құрылуда. Аталған аймақ халықаралық стандарттарға сәйкес жұмыс істейтін болады. Агроөнеркәсіп кешенін бірлесіп дамыту жөнінде бірқатар уағдаластыққа қол жеткіздік, нақты бастамаларды жүзеге асырып жатырмыз. Соның ішінде Lihua, Fufeng, Dalian Hesheng Holdings компанияларының мақта-мата кластерін қалыптастыруға және жүге-

рі мен бидайды терең өңдеуге арналған маңызды жобаларын ерекше атап өткім келеді. Мұндай ауқымды жұмыс серіктестігімізді жаңа деңгейге көтеруге ықпал етері сөзсіз. Біз жекелеген инвестициялық жобаларды жүзеге асыру арқылы толыққанды өндірістік экожүйе қалыптастыруды көздейміз. Бұл қадам Орталық Азия, Еуразиялық экономикалық одақ, Оңтүстік Кавказ және Еуропа елдерінің нарықтарына бірлесіп шығуға мүмкіндік береді. Осы орайда Common History, Destiny. Designed and Made in Both China And Kazakhstan деп аталатын қазақ-қытай бағдарламасын іске қосуды ұсынамын. Үкімет қытайлық серіктестермен бірге келешегі зор жобалардың тізімін әзірлеп, оның бәрін жүзеге асыруға жедел кірісуі керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы тау-кен металлургиясы кешеніндегі ынтымақтастықты тағы бір басым бағыт ретінде атады. Оның айтуынша, Қазақстанда уран, мыс, алтын, көмір секілді аса маңызды минералдар мен сирек кездесетін металдардың мол қоры бар.

Президент цифрландыру мәселесіне айрықша мән берді. Ол еліміздің әлемдегі барлық жетекші технологиялық орталықтармен тығыз қарым-қатынас орнатуға ашық екенін мәлімдеді.

— Биыл еліміз Дүниежүзілік жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастық ұйымының құрылтайшылары қатарына кірді. Осылайша, Қазақстан технологиялық ықпалдастыққа арналған жаңа халықаралық платформаның қатысушысы болды. Бұл бастаманы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин көтерген болатын. Біз технология трансферіне, бірлескен инженерлік және зерттеу орталықтарын құруға мүдделіміз. Бұл ретте жаңа формация мамандарын даярлауға ерекше көңіл бөлеміз. Елордада тұңғыш қазақ-қытай жасанды интеллект мектебін ашуға ниеттіміз. Жемісті технологиялық серіктестігіміздің бір мысалы Alatau City жобасынан айқын көрінеді. Бұл ауқымды

бастама Қытай, Орталық Азия және Еуропа кеңістігіндегі белсенді іскерлік қатынастар мүйісіне айналуы көздейді, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев мұндай жобаларды жүзеге асыру үшін соған сай қаржылық құрылым қажет екенін еске салды. Президент форум қатысушыларына бірнеше жылдан бері табысты жұмыс істеп келе жатқан «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы баяндады.

— АХКО-ның әлемнің жетекші қаржы орталықтарының бірі саналатын Гонконгпен тығыз ықпалдастығы мол мүмкіндіктерге жол ашатыны сөзсіз. Қыркүйек айының басында «Самұрық-Қазына» қоры Орталық Азия және ШЫҰ елдері эмитенттерінің арасында бірінші болып Қытайдың банкаралық нарығына кірді. Жалпы сомасы үш миллиард юаньнан (450 миллион доллар) асатын панда-облигациялар шығарды. Жалпы, Қазақстан инвестициялық кезеңді барынша қысқа, ашық әрі технологиялық тұрғыдан озық етіп ұйымдастыруға ниетті. Kazakh Invest ұлттық компаниясы жанынан қазақ-қытай инвестициялық қорын құру туралы келісімге қол қою — осы бағыттағы маңызды қадамның бірі, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Қазақ-қытай инвестициялық форумы екі елдің іскер топтары арасындағы тікелей байланыстарды күшейтетін тұрақты алаңға айналуға тиіс.

— Сондықтан осы форумды «Қазақстан — Қытай» Алматы инвестициялық диалогы деген атаумен жыл сайын қыркүйек айында өткізуді ұсынамын. Жалпы, бүгін бірқатар нақты келісімдерге қол жеткіздік. Бұл келісімдер Қазақстан мен Қытайдың және тұтас Еуразия құрлығының орнықты дамуына тың серпін береді деп сенемін, — деп ұсыныс жасады Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан көрші Қытаймен мәңгі достық және түрлі саладағы ұзақ мерзімді өзара тиімді ынтымақтастық байланыстарының қарқынды дамуына баса мән беріп отырғанына назар аударды.

— Еліміз үшін бұл — сыртқы саясаттағы ең маңызды мақсаттардың бірі. Ортақ тарихымызға үңілсек, қытай халқы біздің халқымызға ешқашан ешқандай зиян келтірген жоқ. Қос халық өзара сыйластық пен қолдау аясында көп жыл бойы бірге өмір сүрген. Ал қазіргі тұрақсыз, бұлыр заманда Қазақстан мен Қытай сенімді серіктестер ретінде қоян-қолтық бірге әрекет етіп, сан алуан сын-қатерлерге тойтарыс беруі керек. Қытай тілінде мынадай мағыналы мақал бар: 人心齐，泰山移, яғни: «Біз бәріміз біртұтас болсақ, биік Тайшань тауын да орнынан қозғай аламыз». Қазақстан мен Қытай — екі дос, көршілес ел болып, әрбір істі ойдағыдай жүзеге асырады деп сенемін, — деп түйіндеді Мемлекет басшысы.

Форум аясында Президенттің қатысуымен қол қойылған құжаттарды алмасу рәсімі өтті.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ

САЯСАТ

26 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕЛІСІМДЕРДІ ҚАРАЙДЫ

Құрылтай Спикері Айбек Дәдебайдың төрағалығымен өткен Бюро отырысында Құрылтайдың алдағы отырысының күн тәртібі белгіленді. Қылмысқа қарсы күрес, мемлекетаралық іздестіру және киберқылмысқа қарсы іс-қимыл салаларындағы ынтымақтастық бағыттары бойынша ратификациялық заң жобалары қарауға шығарылады.

Құрылтай Бюросының отырысы Маңғыстау облысындағы әскери оқу-жаттығу кезінде қаза тапқан әскери қызметшілерді еске алу үшін бір минут үнсіздікпен басталды. Айбек Дәдебай барлық депутаттың атынан қаза тапқандардың отбасылары мен жақындарына көңіл айтты.

Құрылтайдың алдағы отырысының күн тәртібіне 2024 жылғы 29 қазанда Дохада жасалған Қазақстан мен Қатар Үкіметтері арасындағы Қылмысқа қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобасы енгізілді. Оны депутаттар бірінші оқылымда қарастырады. Келісім ұйымдасқан қылмысқа, террористік және экстремистік қылмыстарға, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына, заңсыз көші-қон мен адам саудасына, сондай-ақ ақпараттық

қауіпсіздік саласындағы мәселелерді шешу кезінде өзара іс-қимыл мәселелері бойынша қатынастарды реттеуге бағытталған. Құжатты ратификациялау тараптардың қылмысқа қарсы күрес саласындағы құзыретті органдарының өзара іс-қимылы үшін құқықтық негіз құруға мүмкіндік береді деп күтілуде.

Сондай-ақ депутаттар назарына 2010 жылғы 10 желтоқсандағы ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің адамдарды мемлекетаралық іздестіру туралы шартына өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы заң жобасы ұсынылады. Аталған заң жобасы ТМД тараптарының құзыретті органдары арасында электрондық форматта ақпарат алмасуды регламенттейтін шартқа өзгерістер енгізуді көздейді. Бұл қылмыстық қудалаудан жасырынған қылмыскерлерді анықтауға және ұстауға, сондай-ақ адамдар-



ды іздеуге бағытталған бірлескен шаралардың тиімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік беруге тиіс. Хаттаманы шартқа қатысушы барлық ел — Армения, Беларусь, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзербайжан және Тәжікстан ратификациялаған.

Компьютерлік қылмыстар туралы конвенцияны ратификациялау туралы заң жобасын да бірінші оқылымда қарау жоспарланып отыр. 2001 жылғы 23 қарашада Будапештте жасалған Конвенция — ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыстармен күресуге бағытталған ал-

ғашқы халықаралық шарт. Бүгінде оның қатысушылары 80-нен астам елді құрайды, соның ішінде АҚШ, Канада, Аустралия, Жапония, Ұлыбритания елдері және бірқатар Еуропа мемлекеті бар.

Конвенцияға қатысу Қазақстанға, компьютерлік жүйелер мен желілердің, сондай-ақ компьютерлік деректердің құпиялығын, тұтастығы мен қолжетімділігін бұзуға бағытталған қылмыстар бойынша ақпарат алмасу және тергеу, экстрадициялау бөлігінде осы елдермен бірлескен іс-қимыл жасауға құқық береді. Соның ішінде мем-

лекетішілік және халықаралық деңгейде компьютерлік қылмыстар жасағаны үшін сот қудалауын және жедел әрі сенімді халықаралық ынтымақтастыққа қатысты уағдаластықтар әзірлеуді көздейді.

Сонымен қатар 1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне Қазақстанның қосылуы туралы хаттамаға қосымша болып табылатын Көрсетілетін қызметтер бойынша Қазақстан Республикасының ерекше міндеттемелерінің тізбесіне өзгерістерді ратификациялау туралы заң жобасы екінші оқылымда қаралатын болады.

ДИАЛОГ – МЕМЛЕКЕТТІК ЖҮЙЕНІҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ



Ерлан ҚОШАНОВ,
Қазақстан Халық Кеңесінің Төрағасы

Қазақстанның саяси даму тарихында маңызы айрықша, елеулі оқиға болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қатысуымен Қазақстан Халық Кеңесі жұмысын бастады. Президент қатысушылардың алдында сөйлеген сөзінде жаңа органның міндеттерін ғана емес, сонымен бірге оның елдің саяси құрылымындағы орнын да белгілеп берді.

Мұның мәні зор. Себебі Қазақстан Халық Кеңесін құрудың артында соңғы жылдардағы Қазақстанды саяси жаңғыртудың ауқымды жолы тұр. Біз бәріміз мемлекеттің түбегейлі трансформациясына куә болып отырмыз. Елде билік жүйесі айтарлықтай өзгерді, мемлекеттік институттар жаңартылды. Ашық диалог пен

азаматтық жауапкершіліктің жаңа мәдениеті пайда болуда. Ел тағдырына етене араласу сезімі артып келеді. Көптеген адам өзін болып жатқан үдерістерді бақылаушылар ғана емес, олардың тікелей қатысушылары ретінде сезінеді. Бір сөзбен айтқанда, біз азаматтарымыздың қоғамдық санасының айтарлықтай өзгергенін

көріп отырмыз. Осы үлкен жолдың маңызды нәтижелерінің бірі — Қазақстан Халық Кеңесі жұмысының басталуы болары сөзсіз.

Халық Кеңесі деген атаудың өзі терең мағынаға ие. Мемлекет басшысы бұл атауды өзі ұсынған болатын. Мұның да өзіндік символдық мәні бар. Халық Кеңесі — халқымыздың шынайы болмысына, оның бірігу қабілетіне, күрделі мәселелерді талқылауға және уақыттың сын-тегеуріндеріне бірге жауап іздеуге жасалған үн қатуы. Бұл атаудан әрбір азаматқа етене жақын қарапайымдылықты да, сонымен қатар ауқымды мемлекеттік идеяны да көруге болады.

Ел тарихында алғаш рет жалпыұлттық диалог осындай жоғары конституциялық мәртебеге ие болды. Бұл — мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының мүлдем жаңа институционалдық деңгейі. Азаматтардың пікірлерінің, мүдделері мен өмірлік тәжірибесінің алуан түрлілігі ортақ шешімдерді іздеудің негізіне айналатын деңгей. Ол қисынды да. Өйткені біз — кең-байтақ әрі көп қырлы елміз. Бізде әртүрлі өңір, сан алуан буын, кәсіптер мен әлеуметтік топтар, этномәдени дәстүрлер бар. Әр қауымдастықтың өз тәжірибесі, өзіндік ерекшеліктері мен көзқарасы бар. Соның бәріне қарамастан, бізді ең бастысы — ортақ ел, ортақ тағдыр және ортақ болашақ біріктіреді.

Бұл орайда Мемлекет басшысының саясаты ерекше маңызды. Президент біздің әртүрлілігімізді біріктіретіндігімізді біріктіретіндігіміз деген пікірді дәйекті түрде алға тартады. Керісінше, бұл елдің күш-қуат, бірін-бірі байыту және одан әрі даму көзі болуға тиіс. Дәл сондықтан да «әралуандықтың бірлігі» принципі бүгінде жаңа мазмұн мен жаңа сипатқа ие болуда. Бұл тұрғыда Қазақстан Халық Кеңесі осы философияның өте маңызды жалғасына айнауда. Әртүрлі пікір — бір-бірін басып тастамай, қайта жағдайды жан-жақты көруге септігін тигізетін философия.

Мұндай бірегей органның пайда болуы халықтың конституциялық ерік-жігерінің нәтижесі екенін ерекше атап өткен жөн. Бұл оның мүшелерінің ерекше жауапкершілігін де анықтайды. Сондықтан да өз жұмысында Халық Кеңесі республикалық референдумда азаматтардың қолдауына ие болған халықтық Конституцияның құндылықтары мен қағидаттарын басшылыққа алып, бекітетін болады. Оның ең басты құндылығы — адам. Дәл осы қағида Халық Кеңесі жұмысының мағыналық негізі болады әрі басты орын алады.

Сондай-ақ адамға қамқорлық тек мемлекеттік шешімдерден басталмайтынын есте ұстаған жөн. Ол біз өмір сүретін ортаның сапасынан және әркімнің жауап-

кершілігінен басталады. «Таза Қазақстан» бастамасы ерекше, терең мағынаға ие болады. Бұл әркімнің өзінен басталатын және біртіндеп бүкіл қоғамның қалыптаты жағдайына айналатын ішкі мәдениеттің қалыптасуы. «Заң мен тәртіп» қағидаты да осы қатардан табылады. Ол сондай-ақ әркімнің өз міндеттеріне, құқықтарына және қоғам алдындағы жауапкершілігіне деген ішкі көзқарасынан басталады. Шын мәнінде, біз бір үлкен процесс туралы айтып отырмыз. Ол — құрмет, жауапкершілік және заңдылық сыртқы талапқа емес, ішкі нормаға айналатын жаңа қоғамдық мәдениетті қалыптастыру. Дәл осы жерде Халық Кеңесі осы құндылықтарды жалпыұлттық тұрғыдан ұғынудың және оларды қоғам өмірінде іс жүзінде жүзеге асырудың алаңына айнала отырып, ерекше рөл атқаруға тиіс.

Қазақстан Халық Кеңесінің ерекше миссиясы да осыған саяды. Бүгін Қазақстанда қоғамдық диалогты дамытудың жаңа кезеңінің басталуы туралы айтуға болады. Бірақ бұл жаңа кезеңнің артында бұдан да маңыздырақ дүние тұр. Ол — Мемлекет басшысының жылдар бойы адамды және оның болашағын басты назарға алған дәйекті саясаты. Қазақстан Халық Кеңесі бұл бағыттың тағы бір дәлелі болу үшін қолдан келгенін бәрін жасайды. Сайып келгенде, мемлекеттің тарихы, ең алдымен, бұл өзгерістер халқына қандай өмір сыйлағанымен өлшенеді. Бүгінде Президентіміз жүйелі түрде жүзеге асырып жатқан реформалардың басты мұрасы мен негізгі мәні де осында болса керек.

«ӘДІЛЕТ» ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР ОТБАСЫНА 1,5 МЛРД ТЕҢГЕ КӨМЕК КӨРСЕТТІ

«Әділет» партиясының мүшелері мен партия Іскерлік кеңесінің өкілдері Маңғыстау облысындағы оқу-жаттығу кезінде қаза тапқан және зардап шеккен әскери қызметшілердің отбасыларына көмек көрсету үшін 1 млрд 500 млн теңге жинады. Барлық жарна ерікті түрде берілді.

Атап айтқанда, Республикалық тау-кен және металлургия кәсіпорындары қауымдастығының атқарушы директоры Николай Радостовец 600 млн теңге аударды. Alageum Group АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Еркебұлан Илиясов пен «ВД-Строй Инжиниринг» ЖШС Бақылау кеңесінің төрағасы Еркін Оқасов 300 млн теңгеден көмек көрсетті. Сондай-ақ Елбегі Әбдиев, Қанат



Ибраев, Мұрат Әмірін, Юлия Якупова, Серік Аманғалиев және Талғат Темірханов 50 млн теңгеден берді. Олардың барлығы – «Әділет» партиясы мен Іскерлік кеңестің мүшелері. Қаражат жинауға партияның басқа да мүшелері атсалысып жатыр.

Жиналған қаржы қаза тапқан және зардап шеккен әскери қызметшілердің отбасыларына

көмек көрсету үшін «Ұлттық рух» қорына аударылады. Қаражат жинау жалғасады.

«Әділет» партиясының мүшелері Маңғыстау облысындағы оқу-жаттығу кезінде қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасы мен жақындарына қайғыра көңіл айтады. Зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдіреді.

ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТЫ АЗАМАТТАРДЫҢ ӨТІНІШІНЕ ҚҰЛАҚ ТҮРДІ



Құрылтай депутаты Гүлзира Атабаева «Әділет» партиясының республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінде азаматтарды қабылдады. Депутатқа онлайн және офлайн форматта оннан астам қазақстандық сауалдары мен ұсыныстарын жеткізді.

Қабылдау барысында білім беру, еңбек қатынастары және несие алу мәселелері көтерілді. Атап айтқанда, мектептегі білім сапасын арттыру, педагогтерге психологиялық қолдау көрсету және несие алу қолжетімді ету жөнінде ұсыныстар айтылды. Сонымен қатар азаматтар сот шешімдерін орындау, мемлекеттік органдардың жұмысы және әлеуметтік қолдау көрсету мәселелері бойынша сауалын ортаға салды.

Елорда тұрғыны Айдын Тұрлыбеков депутатқа бала күтіміне байланысты демалыс алу мәселесі бойынша жүгінді. Оның айтуынша, жұмыс берушілер жалақысы жұбайының табысынан жоғары болғанын алға тартып, демалыс беруден бас тартқан. Азамат мұндай шешімнің заңдылығына күмән келтіріп, ер адамның бала күтіміне байланысты демалыс алуға құқығы бар-жоғын анықтап беруді сұрады.

— Мен Адам құқықтары жөніндегі уәкілге де жүгіндім. Олар маған бұл мәселені қарамайтынын, себебі мен ер адам екенімді айтты. Сондықтан ер адамның бала күтімі үшін демалыс алу құқығына қатысты мәселені заң тұрғысынан анықтауды сұраймын, — деді Айдын Тұрлыбеков.

Гүлзира Атабаева мәселені толық қарау үшін азаматтан қажетті құжаттарды жолдауын өтінді. Депутат тиісті мемлекеттік органдарға ресми сауал жолдап, алынған жауаптар негізінде жағдайды жан-жақты қарайтын айтты. Сондай-ақ мәселенің оң шешімін табуы үшін қажетті қолдау көрсетуге бар күшін салатынын жеткізді.

— Азаматтардан әртүрлі сипаттағы ұсыныстар түсті. Біз олардың әрқайсысын қарап, талдап, жүйелейміз. Мәселелер бойынша тиісті мемлекеттік органдарға сұрау жолдап, бақылауға аламыз, — деді Гүлзира Атабаева.

Айта кетейік, азаматтар «Әділет» партиясының қоғамдық қабылдауында көтерген өтініштері мен ұсыныстарын е-Отinish жүйесі немесе партияның цифрлық платформасы арқылы жолдай алады.

«Әділет» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты қолға алған республикалық «Қауіпсіз қала» бастамасы төтенше жағдайлардың алдын алуға деген қоғам көзқарасын түбегейлі өзгертуге бағыттала отыр. Жоба көшелер мен тұрғын үй алаптарындағы қауіп-қатерлерді қайғылы жағдайға әкеліп соқтырмай тұрып анықтап, жою мақсатында өткізіліп келеді.

ҚАУІПСІЗДІКТІ КӨЗДЕЙТІН АКЦИЯ

Науқан аясында белсенділер мен құтқарушылар қалалық инфрақұрылымды тексеріп, жылыту жүйелерін қарап, қауіпсіздік құралдарын орнатуға көмектесіп жатыр. Қауіпсіз орта тұрақты жұмыс арқылы қалыптасады. Ал күн суытып, жылу беру маусымы басталған кезде қауіптің алдын алу мәселесі өте өзекті болмақ.

Мәселен, Абай облысында «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері құтқарушылармен бірге жылу беру маусымындағы қауіпсіздік ережелерін тұрғындардың есіне салды. Ұйымның Абай облыстық филиалының төрағасы Темірлан Бақтияров осы кезеңде профилактикалық жұмыс жүргізу мәселесі неліктен аса маңызды екенін түсіндірді.

— Ереже сақтау — өмірдің ажырамас бөлігіне айналуы қажет. Әсіресе жылу беру маусымында қарапайым талаптарды елемейтін өзі ауыр зардап әкелуі мүмкін. Сондықтан жастарды қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға бел-

маты қаласында да жеке секторды аралау жұмысы жүргізілді. Партия өкілдері әлеуметтік жағдайы осал азаматтардың тұрмысымен танысып, түтінге улану қаупі жоғары болғандықтан, желдету жүйесін үнемі тексеріп отыру қажет екенін еске салды.

Қызылорда облысында Сырдария өзені жағалауы аймағына баса назар аударылды. Балық аулау мен табиғат аясында демалу кезеңі басталғандықтан, судағы жазатайым оқиғалар мен табиғи өрт туындау қаупі арта түседі. Құтқарушылар тұрғындарды жағалаудың тайғақ аумақтарында және ағысы қатты тұстарда аса сақ болуға шақырды.

Қарағанды қаласында белсенділер тұрғындарға электр құрылғыларын пайдалану ережесі туралы ауқымды түсіндіру жұмысын жүргізді. Қостанай облысында құқықбұзушылықтардың алдын алу және компьютерлік клубтарда белгіленген талаптардың сақталуын бақылау мақсатында поли-



сөнді атсалысатын күш ретінде көргіміз келеді, — деді ол.

Көкшетау қаласында партияластар қалалық инфрақұрылымға назар аударды. Белсенділер төтенше жағдайлар қызметінің мамандарымен бірлесіп, ашық қалған құдықтарды, жалаңаштанған электр сымдарын және қауіпті шұңқырларды анықтау мақсатында көшелерде тексеру жүргізді. Тұрғындар қауіпсіздігі қарапайым мәселелерге көңіл бөлумен басталады.

Атырау облысында тұрғын үйлерде, соның ішінде әлеуметтік жағдайы осал отбасылардың баспаналарында рейд жүргізілді. Құтқарушылар түтін таралуын ескертетін құрылғы орнатуға көмектесіп, қарапайым қауіпсіздік талаптарының сақталмауы өрт тұтануына себеп болатынын атап өтті. Негізгі қауіп-қатерлер — пештегі ақау, электр желілеріндегі шамадан тыс жүктеме және балалардың қараусыз қалуы.

Ал Өскемен қаласында құтқарушылар, учаскелік полиция инспекторлары және жастар қауымы аулаларды аралап, пәтерлерді тексерді. Акцияға қатысушылар газ жабдықтарының жай-күйін зер салып, түтін таралуын ескертетін құрылғылар орнатты. Ал-

ция қызметкерлері мен жастар қауымы түнгі рейд өткізді.

Түркістан облысында партияластар мамандандырылған өрт сөндіру бөліміне барып, жеке сектордағы газ қауіпсіздігі жағдайын тексерді. «Жастар Рухы» жастар қанаты Түркістан облыстық филиалының төрағасы Еркебұлан Мадиярұлы атқарылған жұмыс туралы айтып берді.

— Біз қауіпсіздік мәселесі туралы көп айтамыз. Алайда бұл сөздің шынайы мәнін өрт сөндірушілердің жұмысымен танысқан кезде барынша терең түсінесің. Олардың әрбір әрекеті адам өмірімен байланысты, — деді ол.

Шымкент қаласында «Әділет» партиясының жастары өрт сөндіру гидранттарының техникалық жағдайын тексерді. Бір әл-Фараби ауданының өзінде шамамен осындай бес жүз нысан бар.

«Қауіпсіз қала» акциясы еліміздің барлық өңірінде жалғасып жатыр. Осылайша, еліміздегі көшелер мен тұрғын үйлердің қауіпсіздігі арта түспек. «Әділет» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты белсенді жастармен бірге барлық анықталған мәселені толық жойылғанға дейін бақылауда ұстайды.

ТАҒЫМ

26 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

ТЕҢІЗГЕ ТҰНШЫҚҚАН ТАҒДЫРЛАР



Бейсенбі күні Маңғыстауда өткен «Хазар қорғаны – 2026» оқу-жаттығуы кезінде 14 әскери қызметші қаза болды. Бұл оқиға сарбаздардың жақындарымен қоса, қалың елдің де қабырғасын қайыстырғаны анық. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қаза тапқан әскери қызметшілердің туған-туыстарына көңіл айтты. Ізін ала 25 қыркүйекті жалпыұлттық аза тұту күні етіп жариялады. Еліміз осылай Отан алдындағы борышын өтеу кезінде қыршын кеткен сарбаздарын қайғырып еске алып жатыр.

А Мадияр ТӨЛЕУ**БІРДІҢ ҚАЙҒЫСЫН
МЫҢ БӨЛІСЕР**

Жалпы, бұл оқиға бір елдің ғана көңілін алаң етіп қоймады. Алыс-жақын елдердің бұқаралық ақпарат құралдары да оқиғаға зер салып, хабар таратып отырғанын аңғардық. Көрші елдердің басшылары да ел билігіне көңіл айтуды ұмыт қалдырмады. Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинге Каспий теңізіндегі оқу-жаттығу кезінде қазақстандық әскери қызметшілердің қаза табуына байланысты көңіл айтқаны үшін ризашылығын білдіргенін Ақорда хабарлады. Мемлекет басшысы ел үшін осындай ауыр сәтте Қазақстан Ресей көшбасшысы мен халқының шынайы тілектестігін және қолдауын ерекше бағалайтынын атап өтті.

Каспий теңізіндегі оқу-жаттығу жиыны кезінде қазақстандық әскери қызметшілердің қаза табуына байланысты көңіл айту жеделхаттары мұнымен толастамады. Қазақстан Президентінің атына шет мемлекеттер басшылары мен халықаралық ұйымдардың жетекшілерінен көңіл айту жеделхаттары келіп түсіп жатыр. Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев пен Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров Қасым-Жомарт Тоқаевқа және қаза болған жандардың туған-туыстарына, сондай-ақ Қазақстан халқына қайғыға ортақтасып көңіл айтты. Мемлекет басшысы қиын сәтте

жұбату сөзін жеткізген әріптестеріне ризашылық білдіріп, халықаралық қолдау мен тілеулестіктің айрықша маңызды екенін атап өтті.

Аза тұту күні жөніндегі өкімге қол қойған сәтте Мемлекет басшысы Үкіметтік комиссияға оқиғаның мән-жайын анықтау үшін қажетті шаралар қабылдауды және қайтыс болған жандардың отбасына көмек көрсетуді тапсырғаны есте. Бұдан кейін Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев бастаған Үкіметтік комиссия Маңғыстау облысындағы төтенше жағдай болған жерге шұғыл барды.

**КІНӘЛІЛЕР
ҚАЛАЙ ЖАЗАЛАНБАҚ?**

Ауқымды құтқару және іздестіру жұмыстарына тартылған адам мен техника аз болмады. Операцияға 252 әскери қызметші, 34 бірлік арнайы жерүсті

техникасы, 37 әскери сүнгүйр, 14 кеме мен катер, сондай-ақ 4 тікұшақты қоса алғанда, 20-дан астам әуе кемесі жұмылдырылды. Ведомстволардың күштері мен құралдарымен су айдыны, жағалау аймағы және оған іргелес аумақтар әуеден үздіксіз бақыланып, тексерілді.

«Хазар қорғаны – 2026» оқу-жаттығуы кезінде ауа райының күрт нашарлап, желдің күшеюіне байланысты 17 адам суға кеткені белгілі болатын. Қайғылы оқиға күні олардың 12-сінің мәйіті табылып, үш әскери қызметші құтқарылған еді. Қалған екі әскери қызметшінің денесі келесі күні табылды.

Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаевтың төрағалығымен өткен Үкіметтік комиссияның отырысында бірінші кезектегі тергеу іс-шараларының нәтижелері және болған оқиғаның барлық себептері мен мән-жайларын анықтау жөніндегі шаралар қаралғанын айта кетейік. Жиында Ішкі істер министрінің орынбасары Санжар Әділов екі бап бойынша қылмыстық іс қаралып жатқанын айтты. Олар: Қылмыстық кодекстің 453-бабының 2-бөлігі («ауыр зардаптарға әкеп соққан қызметке салғырт қарау») және 465-бабы («кеме жүргізу қағидаларын бұзу»). Бұл баптар кінәлі-

лерді 5 жылға дейін бас бостандығынан айыруы мүмкін.

— Тергеу барысында әскери қызметшілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, оқу-жаттығуларды ұйымдастыруға және құтқару іс-шараларын жүргізуге байланысты заңбұзушылықтарға жол берді деп күдікке ілінген лауазымды тұлғалар анықталды. Олардың іс-әрекеттеріне құқықтық баға беріледі, — деді Санжар Әділов.

Көп өткен жоқ, Әскери-теңіз күштері қолбасшысының бірінші орынбасары — штаб бастығы, екі әскери бөлімнің командирі, теңіз жаяу әскерлерінің ротасының және «Қайсар» катерінің командирлері, барлығы бес адам ұсталғаны хабарланды. Ішкі істер министрлігінің нұскасы бойынша, 24 қыркүйекте Каспий теңізінің жағалауында, Ақтау қаласынан 43 шақырым жердегі оқу-жаттығу барысында «Қайсар» катерінен жеке құрамды түсіру кезінде қолайсыз метеорологиялық жағдай болған, салдарынан әскери қызметшілерді теңіз ағысы алып кеткен. Тергеу жаттығуды ұйымдастыру және шешім қабылдаудың мән-жайларын, қауіпсіздік талаптарының сақталуын, ауа райы жағдайының ескерілуі, катердің техникалық жай-күйін, жеке құрамның қауіпсіздігіне жауапты лауазымды әскерилердің әрекеттерін тексеріп жатқаны мәлім болды.

**МӘСЕЛЕ ХАЛЫҚ
КЕҢЕСІНДЕ КӨТЕРІЛУІ
МҮМКІН**

Жалпы, ел тарихына зер салып қарасақ, кейінгісін қосқанда 13 рет аза тұту күні жарияланған екен. Басым бөлігі жерасты шахталары мен әскери салаға қатысты оқиғалар кезінде тіркелген. Қазақстанның саяси жүйесінде биыл ауқымды өзгерістер болып жатқанын білеміз. Соның бірі — құрамы осы аптада ғана белгілі болған Халық Кеңесінің құрылуы. Кеңес Құрылтайда қаралатын заң жобаларына бастамашы да бола алады. Бұл оқиғаға қоғам өкілдері, белсенділерден бастап, аталған органның мүше-

лері де пікір айтып үлгерді. Мәселен, Халық Кеңесінің мүшесі Мұрат Әбенновтің сөзінше, салаға ірі реформалар қажет. Оның ұсынысы бойынша, Халық Кеңесі мен Құрылтай жанынан әскерилердің мәселесін қарастыратын, тұрақты жұмыс істейтін комиссия құру керек.

— Армия жабық, оқшауланған топ болмауға тиіс. Бұл комиссияның құрамына міндетті түрде азаматтық қоғам өкілдері кіруі керек. Ол барлық тергеуге қол жеткізіп, Парламентке жүйелі ұсыныстар енгізгені жөн. Қатаң қоғамдық бақылау қажет. Екіншіден, бейбіт уақытта әскери соттардың монополиясын жойған абзал. Сарбаздардың қазасын азаматтық тергеушілер тергеп, істер ашық соттарда қаралуы керек. Ата-аналар шындықты білуге тиіс, — деді Халық Кеңесінің мүшесі.

Мұрат Әбеннов бұған қоса «хабарлау және әскери құрмет көрсету хаттамасын» заңнамалық тұрғыдан бекіту қажет екенін айтады. Бұл тақырып ел ішінде көп талқыланып жатқанын жасырмаймыз. Әскери қызметкердің қаза тапқан сарбаздардың есімін қоршаудың ішінде тұрып есімдерін атағаны көпшіліктің жанына батты. Біздің ойымызша, бұл мәселе алдағы уақытта мінберлерден айтылып, талқыға түсетіні сөзсіз. Ал әзірге таразының қай жағында әділет барын бағамдау қиын. Бір жағында әскери тәртіп негізінде әрекет еткен қызметкер, екінші жағында баласы үшін қайғы жұтқан ата-ана.

Қалай алғанда да, бұл оқиғаға қатысты тиісті ведомствоның жауаптыларын ақтай алмаймыз. Қыршын кеткен тағдырларды ешкім де қайтара алмайды. Дегенмен бұл оқиға тарихтағы трагедия ретінде ғана есте қалмай, әскери саладағы командирлердің, басшылардың жауапкершілігін арттыруға түрткі болғаны жөн. Сала әр сарбаздың қауіпсіздігіне кепілдік беруге міндетті дегеннен асырып айтарымыз жоқ.



НАРЫҚ

26 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ



2026 жылдың алғашқы жеті айында Қазақстан сыртқы саудадан елеулі профицит қалыптастырды. Бірақ жоғары көрсеткіштің артында мұнайға тәуелділік, экспорттық бағыттардың осалдығы және валюталық кірістің бір бөлігінің қайтадан шетелге кетуі сияқты маңызды мәселелер бар.

А Кәмила ДҮЙСЕН

Қазақстанның сыртқы сауда көрсеткіштері биыл айтарлықтай жақсарды. Ұлттық статистика бюросының жарияланған дерегіне сәйкес, 2026 жылғы қаңтар-шілдеде елдің тауар экспорты 50,89 млрд доллар, ал импорты 36,86 млрд доллар болды. Соның нәтижесінде сауда профициті 14,03 млрд долларға жетті. Бұл — Қазақстанның шетелге сатқан тауары сырттан сатып алған өнімінен осынша сомаға артық болды деген сөз.

Алайда жоғары профицит экспорт құрылымының сапалы өзгергенін бірден білдірмейді. 2026 жылғы қаңтар-шілдеде шикі мұнай мен шикі мұнай өнімдері жалпы экспорттың 48,2%-ын қамтамасыз етті. Одан кейін тазартылған мыс пен өңделмеген мыс қорытпалары — 6,6%, радиоактивті элементтер мен изотоптар — 4,8%, мыс кендері мен концентраттары — 4,6%, феррокорытпалар 2,4% үлес алды. Яғни Қазақстан сыртқа сататын негізгі тауарлардың басым бөлігі әлі де табиғи ресурстардан тұрады.

Qazaq Expert Club сарапшысы, қаржыгер Саида Тілеуленова мұны профициттің негізгі әлсіз тұсы деп санайды.

«Қазақстан экспортының құрылымы негізінен шикізаттық сипатта қалып отыр. Мыс,

САУДАДАҒЫ СЕРПІННІҢ СЫРЫ НЕДЕ?

мыс кендері, радиоактивті элементтер мен феррокорытпалар да айтарлықтай үлеске ие. Сондықтан қазіргі профицит көбіне экспорттық түсімдердің жоғары деңгейін көрсетеді, бірақ әзірге экономика құрылымының түбегейлі өзгергенін білдірмейді. Оның көлемі әлемдік мұнай мен металл бағасына, өндіру көлеміне және шикізатты сыртқы нарықтарға үздіксіз жеткізу мүмкіндігіне әлі де тәуелді».

Мұнайдың экспорттағы үлесі біртіндеп төмендеп келеді. 2025 жылғы қаңтар-шілдеде ол 52,3% болған, ал биыл 48,2%-ға түсті. Бірақ бұл мұнайдан түсетін кіріс азайды дегенді білдірмейді. Экспорттың жалпы көлемі мен мұнай үлесін негізге алсақ, 2025 жылдың жеті айында мұнай экспорты шамамен 22,8 млрд доллар, биыл 24,5 млрд доллар болған. Яғни мұнайдың үлесі төмендегенімен, одан түскен қаражат шамамен 7,6%-ға көбейген.

Сыртқы сауданың географиясында да өзгеріс бар. Биыл экспорттың 18%-ы Қытайға, 17,7%-ы Италияға, 8,9%-ы Ресейге, 7,7%-ы Түркияға бағытталған. Нидерландтың үлесі 6,2%, Францияның үлесі 5,9% болды. Бір жыл ішінде Түркияның үлесі 4,7%-дан 7,7%-ға дейін өссе, Италияның үлесі 21,6%-дан 17,7%-ға төмендеген. Бұл экспорт бағыттарының біршама кеңейгенін көрсеткенімен, негізгі өнімдер өзгерген жоқ.

Тұрақтылыққа тасымал жолдары да әсер етеді. Reuters

былдауға болмайды. Тауар экспортынан келген валютаның бір бөлігі шетелдік тасымал, сақтандыру, консалтинг және басқа қызметтер үшін төленеді. Бұған қоса, шетелдік инвесторларға дивиденд пен инвестициялық табыс аударылады, сыртқы қарыздар өтеледі. Сондықтан сауда балансы мен төлем балансы бір ұғым емес.

Саида Тілеуленова да 14 млрд долларды ел ішінде толық қалған ақша ретінде түсіндіруге болмайтынын айтады.

«Тағы бір маңызды жайт бар: сауда профицитінің жоғары болуы экспорттан түскен барлық қаражат Қазақстан ішінде қалады дегенді білдірмейді. Экспорттық түсімнің

нарықтағы күтулер де әсер етеді. Сол себепті «профицит өсті, демек теңге міндетті түрде нығаяды» деген тікелей байланыс жасау дұрыс емес.

Инфляция көрсеткіші де осыны аңғартады. Ұлттық статистика бюросының дерегіне сәйкес, 2026 жылғы шілдеде жылдық инфляция 10,2%, бір айлық өсім 0,6% болды. Яғни сыртқы саудадағы жоғары оң айырма ішкі бағаның өсуін автоматты түрде тоқтатпады. Инфляцияға азық-түлік пен қызмет бағасы, тарифтер, бюджет шығыстары, несие көлемі және өндіріс шығындары қатар ықпал етеді.

Экспортты мұнайдан тыс кеңейту бағытында да ілгерілеу байқалады. Жалпы экспорттан мұнай санатын алып қарасақ, қалған тауарлардың көлемі 2025 жылғы шамамен 20,8 млрд доллардан биыл 26,4 млрд долларға дейін көбейген. Өсім шамамен 26,8%-ды құрайды. Бірақ бұл соманың ішінде мыс, уран, кен және феррокорытпа сияқты шикізаттық тауарлар бар. Сондықтан оны толығымен «шикізат-

тық емес экспорт» деп атауға болмайды.

«Сауда министрілігінің деректері бойынша, 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында шикізаттық емес және өңделген тауарлар экспорты 12,9 млрд доллардан 15,2 млрд долларға дейін өсті. Бұл экспорттық базаның біртіндеп кеңейіп келе жатқанын көрсетеді, дегенмен әзірге бұл сыртқы сектордың шикізат нарығындағы конъюнктураға тәуелділігін жою үшін жеткіліксіз. Сондықтан 14 млрд доллар көлеміндегі сауда профициті — Қазақстан үшін, шынымен де, жақсы қор. Оның тұрақтылығы шикізаттық емес экспорттың қаншалықты жылдам өсетініне, мұнай мен металл бағасының қалай өзгеретініне, өндіру мен жеткізу көлемінің сақталуына және экспорттық кірістердің ел ішіндегі инвестициялар мен өнімділіктің артуына қаншалықты тиімді бағытталатынына байланысты болады», — дейді маман.

Сонымен, 14 млрд доллардан асқан сауда профициті — Қазақстан экономикасы үшін оң нәтиже. Ол елге валюталық кіріс әкеліп, сыртқы міндеттемелерді орындауға мүмкіндік береді. Бірақ бұл көрсеткіш әзірге мұнай мен металл, олардың әлемдік бағасына және бірнеше негізгі тасымал бағытына тәуелді. Профициттің, шын мәнінде, тұрақты болуы үшін экспорттық кіріс жана өндірістерге, технологияға және еңбек өнімділігін арттыруға бағытталуы керек. Сонда ғана бүгінгі қолайлы нәтиже уақытша мүмкіндік емес, экономикадағы сапалы өзгерістің белгісіне айналады.



Жоғары профицит теңгеге валюталық ұсыныс арқылы қолдау көрсете алады. Бірақ теңге бағамына мұнай бағасымен бірге импортқа деген сұраныс, капиталдың қозғалысы, Ұлттық қор операциялары, сыртқы қарыз төлемдері және нарықтағы күтулер де әсер етеді.

мәліметінше, Қазақстан мұнай экспортының 80%-дан астамын Каспий құбыр консорциумы арқылы жөнелтеді. 2026 жылғы қаңтар-тамызда осы жүйе арқылы тасымалданған мұнай көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңінен 8%-ға аз болған. Демек, құбыр жұмысының тоқтауы, теңіз терминалындағы ақау немесе геосаяси шектеу экспорттық кіріске тікелей соққы беруі мүмкін. Reuters жариялаған дерек профициттің тек мұнай бағасына емес, оны үздіксіз жеткізу мүмкіндігіне де тәуелді екенін аңғартады.

ЕЛІГЕ ЕНГЕН ДОЛЛАР ЕЛДЕ ҚАЛА МА?

Сауда профициті сыртқы экономикалық тұрақтылықтың маңызды көрсеткіші болғанымен, оны елдің қолында қалған таза қаражат деп қа-

бір бөлігі кейіннен шетелдік қызметтерді төлеуге, шетелдік инвесторларға инвестициялық табыс төлеуге, сыртқы міндеттемелерге қызмет көрсетуге және басқа да төлемдерге жұмсалады. Сондықтан елдің сыртқы жағдайының іргелі тұрақтылығын бағалау үшін тек сауда балансына ғана емес, бүкіл төлем балансына да назар аудару маңызды. Сонымен қатар Қазақстан экспортының құрылымы мүлде өзгермей жатыр деу дұрыс болмас еді. Оң белгі бар: шикізаттық емес экспорт біртіндеп өсіп келеді».

Жоғары профицит теңгеге валюталық ұсыныс арқылы қолдау көрсете алады. Бірақ теңге бағамына мұнай бағасымен бірге импортқа деген сұраныс, капиталдың қозғалысы, Ұлттық қор операциялары, сыртқы қарыз төлемдері және

ПАРАСАТ

26 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ



Ел ішіндегі мәдениет саласында қызмет атқарған Молдабек Жанболатовтың алғаш Абайдың мерейтойы кезінде ұсынған идеялары қазір де өміршең. Абай тұрған үйді музейге айналдыруда ол құрылыстың үйлестірушісі болған, кейін өлкетану музейлерін ашқан. Жидебай. Абай музейі. Топырағында ақынның ізі сіңген, табы қалған мекен. Музейдің осы қалыпқа қалай келтірілгені бір хикая.

АБАЙ ТОЙЫНЫҢ КЕШЕҮІЛДЕУІ

Шыңғыстауда Абай өмірінің соңында мекендеген үй кеңес тұсында кітапхана болды, «қызыл отау» кеңсесіне пайдаланды, қора, қоймаға айналды. Соның бәрінде осынау мағыналы тоқал тамның көрмегені жоқ десе болады. Мемориалдық мәнге ие қара шаңырақ 1971 жылы Абайдың 125 жылдық мерейтойын атап өткен кезде жинақталып, қазір ел көріп жүрген қалыпқа түсірілді.

Алпысыншы жылдардың аяғы, жетпісінші жылдардың басы сол кездегі Семей облысындағы Абай, Шұбартау аудандарына ауыр тиді. 50 градусқа дейін қысқан аяз мал шаруашылығын ойсыратып кетті.

Абай елінің ақсакалы, кезінде Абай, Ақсуат және Жаңасемей аудандарында қызмет атқарған, жергілікті халық театрлары мен халық аспаптары өнер ұжымдарын қалыптастырған, осы аудандарда музей ұйымдастырумен танылған, шежіреші, этнограф Молдабек Жанболатов ақынның 125 жылдық тойы өз мезгілі, 1970 жылы емес, бір жыл кейіндеп 1971 жылы аталып өткенін осымен байланыстырады. Бұл кезде ол Абай аудандық мәдениет бөлімін басқаратын еді.

Мына жайт назар аудартаын. 1970 жылы кеңес көсемі Лениннің 100 жылдығы өзге шараларға дес бермей тұрғаны да жасырын емес еді. Сол жылғы ауқымды мерекелік шаралардың дені Ленинге арналды. Абай тойының кешеуілдеуінің осындай да сыры бар.

Молдаш, Молдабек Жанболатов ақсақал бүгінде қадірлі жас — тоқсанның шыңына көтеріліп отыр.

АБАЙ ҮЙІНІҢ ҮЙЛЕСТІРУШІСІ

Молдаш аға Абайдың 125 жылдығы туралы сөз әуелде 1967 жылы жазушы

Мұхтар Әуезовтің 70 жылдығы кезінде қозғалғанын айтады. «Мұхтар тойы Абай тойының репетициясы болды», — дейді ол.

Қалай өткізу, не ұйымдастырудың сыртында ең бір салмақты шаруа — Абайдың Жидебайдағы музейін қалпына келтіру болған. Облыстан келген комиссия Абай музейін қалпына келтіру барысындағы құрылыс жұмысына Молдаш Жанболатовты «технадзор» — техникалық бақылаушы етіп бекітеді. Өз мамандығы — мұғалім, саласы бұл шаруадан алыстау Молдаш аға «технадзордың» әуелде не екенін білмегенін, комиссия кеткен соң құрылысшылардан сұрай отырып, алғаш мәлімет алғанын айтады.

Абай тұрған шаңырақтың іргетасының сыртында бөлмелері, бұрынғы терезе, есік тұстары анықталып, тошала, қоранын орнына дейін екселді. 1970 жылы сәуір-қазан арасында жүргізілген жұмыстың нәтижесінде дәстүрлі жобасын сақтай отырып, талапқа сай музей жасақталып шыға келеді.

Молдаш аға Жидебайдағы музейді қалпына келтірерде әртүрлі, соның ішінде ұшқары ұсыныстар болғанын да айтады. Бірнеше қабаттық биік ғимарат салуды ұсынғандар да болған. Абай тұрған қораны (Шыңғыстауды үй-жайды қора деп атау қалыптасқан) бұзбай, оны әйнекпен қоршап, витрина астында сақтау туралы да айтылған. Соңында облыс басшылығы көп оқиганы өткерген қораның орнына Абай кезіндегі жобаны сақтап жаңа ғимарат салу керек дегенге тоқталады.

Молдаш ағаның айтуынша, бұл мекенді Абай тұрған кездегі қалпына келтіруде Абайдың аңшысы болған, құсын баптаған саятшы Бәшейдің ұлы Мұхтар ақсақалдың көмегі көп болған.

Мұхтардың әкесі Бәшей — Мұхтар Әуезовпен замандас. Ол Абай және оның төңірегіндегі адамдар жайлы деректерді жеткізуші де.

Музей мәселесі көтеріліп, Мұхтар ақсақалмен алғаш кездесуге барғанын Молдаш Жанболатов былай баяндайды.

— Сол кезде ол кісі сырқаттанып, төсек тартып жатыр екен. Оны мен білмегем. Сырқат адамға түс ауа келмейтін салт бар, бірақ келіп қалған соң кете алмай іркілдім, — деп еске алады Молдабек аға.

Жөнін айтқан соң Мұхтар ақсақал көңілденіп, балаларын дауыстап шығарып, жастығын көтертікізіп, мұқият тындайды. Тыңдап болып, шамасы келгенше, Абай тұрған үйдің жобасын әңгімелейді. Қай кезде қандай бөлігі өзгерген, қайсысы орнында, қайсысы қолды болды — соның бәрін тәптіштеп түсіндіріп берем дегенше Мұхтар ақсақал шаршаңқырап қалды деп еске алады Молдаш аға. Соңынан ақсақал ертең келуін өтініп, Молдаш аға ертесінде тағы да барып, ақсақалдың айтқандарын қағазға түсіріп алады. Өлшемдерін, бөлме-

лердің орналасқан шамасын, пештер мен қаппа, есік, терезелердің орнын — бәрін сұрап, кейін құрылыс барысында айтылғандай кейіпке түсіреді. Бұл жағынан келгенде Молдабек Жанболатов «технадзор» ғана емес, жобалаушыға да айналып кеткен сияқты.

Кейін музейдің ішін жасақтап, жәдігерлерді Абай кезіндегі орнына қойғызып, бүгінгі біз көріп жүрген халге келтіруді де ұйымдастырған — Молдаш аға. Абайдың көзін көрген, сол үйдің қызметшісі болған, 100 жасты алқымдап қалған Мақым (Мақып) ападан сұрастыра отырып Молдаш Жанболатов осы қызметті де ойдағыдай атқарып шығады.

Молдаш аға арнайы жолығып жүрген Бәшейдің Мұхтары мен Мақым апа Абайды көрген ұрпақтың соңғысы болатын.

«АБАЙДЫҢ АҚ ОРДАСЫ» ҚАЙДА?

Абайдың 125 жылдық тойында сол кездегі ауданға қарасты шаруашылықтардың басын қосып, киіз үй қалашығын ұйымдастырған да осы кісі. Бұл қалашықтың тек тойға келген қонақтардың мекенжайы ғана емес, этнографиялық көрме мәніне ие болуы ескерілген.

— Әр үй қазақтың тұрмысы мен мәдениетін көрсететін шағын мұражай тәрізді болды. Біз үш күн, үш түн бойы сол 1 356 үйдің барлығын аралап, әр үйдің көрмелік мазмұны мен этнографиялық нақтылығына баға бердік. Бұл істі ұйымдастыру менің бастамам болды да мені комиссия басшысы етті, — деген Молдаш аға киіз үй кеңістігі мен жиһаздарының орналасуына баса мән бергенін айтады.

МҰРА КӨРСЕ, АШҚАН



Мына жайт назар аудартаын. 1970 жылы кеңес көсемі Лениннің 100 жылдығы өзге шараларға дес бермей тұрғаны да жасырын емес еді. Сол жылғы ауқымды мерекелік шаралардың дені Ленинге арналды. Абай тойының кешеуілдеуінің осындай да сыры бар.

Жидебайдағы музейде бертінге дейін Мақым апаның да суреті ілулі тұратын. Соңғы жылдары ол да көрінбейді. Сурет дегеннен шығады, жазушы Мұхтар Мағауин алғашқы абайтанушы ретінде музейге Әлихан Бөкейхановтың да суретін ілулі ұсынғанымен, әзірге ешкім ескермеген.

Болмысынан біртоға, асықпайтын, саспайтын, өзі туралы мақтанды ұнатпайтын, асып сөйлеуден алыс Молдаш ағаның Абайдың 125 жылдығында атқарған еңбегі бір бұл емес. 125 жылдықты тойлау үшін алғаш рет Қарауыл төбенің таңдап алынуы — тікелей Молдабек Жанболатовтың ұсынысы. Табиғи амфитеатр сияқты, жазықтағы мерекені биіктен тамашалайтын бұдан артық мекенді табу да мүмкін емес еді. Сол кезде Қарауыл төбе бөктеріне киіз үйлер тігіліп, ұлттық ойындар қойылады. Содан бері Шыңғыстаудағы аудан көлемінен басталатын айтулы тойлар Қарауыл төбе бөктерінде өткізіліп келеді. Ал алғаш рет 300 адамдық хормен Абай әндерін шырқаудың да басында Молдабек Жанболатов тұр. Абай әндерін жүздеген, кейін мыңдаған адамдық хормен айту да содан бері үйреншікті дәстүрге айналды. 2025 жылы ақынның 180 жылдық тойында мұндай хордағы дауыс саны 5 мыңға дейін жеткен.

Ал ақынның 125 жылдығына арнайы тігіліп, арнайы әзірленген «Абай үйі», «Абайдың ақордасы» аталған сегіз қанат үйді жасақтаудың ұсақ-түйегіне дейін сызып, жобалап берген Молдаш Жанболатовтың өзі болатын. Айтуынша, мылтықтың ұңғысын да түзейтін Айтқали есімді шеберді іздеп барып жолығады. Шебер әуелде өзінің тек алты қанат үйді ғана жасай алатынын айтады, ұсыныстан бас тартады. Оған қоймаған Молдаш аға киіз үйдің сызбасын, өлшемін бәрін өзі қағазға түсіріп, сегіз қанаттық киіз үйдің жобасын жасап Айтқалиға ұсынады.

— Айтқали Бұғылы тауының етегіндегі бір бұлақтың басына үй тігіп жатып, сегіз қанаттық «Абай үйін» жасақтауға кіріседі. Сол мандағы жайлауды бақташылар мен қойшылар мекен ететін. Сиыр өз аяғымен жайылатын мал болған соң күн ұзақ сиыршылар жасалып жатқан киіз үй жұмысына қолғабыс етті. Ал күнде таңертең қой өргенде Айтқали сол қойшылардан малдың құмалағын теріп әкеліп, ортаға үйіп от жағады. Шоқтанған кезде киіз үйдің уық, шаңырақ, кереге тәрізді сүйектерінің бөлшегін жаңағы шоққа салғанда, ағаш балқып шыға келеді. Соны қатты күйдірмей, дер кезінде суырып алып, керекті өлшемге

ПАРАСАТ

26 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

салып, иетін болған. Алты ай дегенде «Абай үйі» де сынғырлап дайын болды, — деген Молдаш аға сол күндерді елжіреп еске алады. Күндіз Абай тойына арналған түрлі нөмірлердің репетициясынан босамайтын маман кештете Бұғылыға барып, таңмен таласа қайтып келетін күндері жайлы айтады.

«Абай ордасының» сүйегін жасаудың сыртында оның киізін басу, іші-сыртын дәстүрге сай безендіру де бір жосын еңбек.

— Біз сол кезде естияр баламыз. Ағамыз ауыл-ауылдағы апаларды жинап алып, өзен жағасында киіз бастыратын. Оны тазалап сабауы бар, иін қандырып басуы бар, киізді аяқпен таптап басып өзімізше қолғабыс ететінбіз, — дейді Молдаш ағаның інісі, белгілі журналист Серік Жанболатов. Ал Молдаш аға киіз үйді безендіруде өз анасы Райхан апаның да көп септігі тигенін



МУЗЕЙ МОЛДАБЕК

айтады. Бүгінде 90 жасты толтырып отырған ел ағасы сол кезде тапсырылған жұмысқа ешкімнің ренжімей келіскенін айтып, әлі күнге оларға алғысты екенін ықыласымен білдірді.

Кезінде Абай аудандық «Совхоз туы» (кейіннен «Абай елі») газетінің фототілшісі болған, бүгінде марқұм Сабыржан Құсайыновтың коллекциясынан «Абай үйінің» суретін кездестіріп қалғаным бар. Абайдың Жидебайдағы музейінің ауласына тігілген, үзігі кошкар мүйіз өрнекпен байыпты көмкерілген, шаңырақ бөлігі көтеріңкі үй — идеясын осы Молдабек аға Жанболатов ұсынған, сүйегі Айткали шебердің қолынан шыққан, киізі мен бауларын Абай елінің әжелері мен апалары дәстүрлі түрде басып, тоқыған этнографиялық құны қымбат бұйым екен. Содан беріде 55 жылдан аса уақыт өтті, осы киіз үйдің өзі қазір жәдігерге айналатын заман болыпты. Абай заманын көз алдына әкелетін «Абай үйі» музейдің құрамдас бір бөлшегі сияқты көрінетін. Өкініштісі, сол үй бүгінде жоқ... Бар болса да, көп көзінен таса, терең қойма, керен коралардың бірінде жатса керек.

ЖОҒАЛҒАН МУЗЕЙ

Алғаш Молдабек Жанболатов қозғау салған, ұйымдастырып, аяқтан тұрғызған, бірақ кейін өзі басқа ауданға ауысқанда көзден балбұл ұшып, бүгінге жетпеген жоқ дүниенің бірі — Қарауылдағы алғашқы өлкетану музейі. Қазір осы өлкетану музейі аталмайды да.

Бұл музей алпысыншы жылдардың ортасында ашылған екен. Оның идеясы да қызық.

— Көркемөнерпаздар ансамблінен жасақтау кезінде оларды безендіруге ескілікті бұйымдар жинаттық. Солардың ішінде құнды дүниелер де шықты. Құнанбай тұтынған заттар, Мотыш бабаның шапаны, батырдың сауыты тәрізді дүниелер кезікті. Білезік, шашбау, белдіктің сан түрі бар. Сонынан соның бәрін бөлек жинақтап, өлкетану музейін ашуды ұйғардық, — деген Молдабек Жанболатов Абай ауданы өнерпаздарының алпысыншы жылдарғы жетістігін де еске алды. Бұл оны музей ашуға жетелеген екен.

1966 жылы Қарауылдағы Абай халық театры Мәскеуде бүкілодақтық байқаудың лауреаты болған. Театр 1967 жылы Чехословакияда өткен дүниежүзілік халық шығармашылығы байқауына да қатысып, онда тағы лауреат атанған. Соның бәрінде тарихи қойылымдар, этно-концерт үшін ескі-

лікті бұйымдар жиналған. Сахнаны безендіру, декорация үшін бұл мұралардың орны ерекше. Байқаулардан кейін, концерттерден соң елге келгенде сол бұйымдар жәдігер ретінде аудандық өлкетану музейіне жол тартқан.

— Алғашында аудандық мәдениет үйінің бір бөлмесін музейге арнап едік, жиғанымыз оған сыймай қалды. Кейін балалар кітапханасына апарғанда тағы сыймады. Содан соң аудандық партия комитеті мен атқару комитетінің алдына арнайы музей үшін орын беру туралы мәселе қойдым. Абай аудандық партия комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Кәрім Нұрбаев пен аудандық атқару комитетінің төрағасы Рымхан Ғабдуллин елге баспана жетіспей тұрғанына қарамастан, музейге арнап алты бөлмелі үй салып берді. Музейді бір адамдық штатпен Семейдегі облыстық өлкетану музейінің аудандық филиалы ретінде тіркеттік. Жиналған жәдігерлердің де жеке-жеке паспорттарын жасата бастап едік, — дейді Молдаш аға.

Мұражайдағы бөлімдердің бірі «Абай әлемі» аталған. Этнографияға да жеке бөлім арналған.

— Өте құнды заттар жиналды. Мысалы, аудандық пошта байланыс мекемесінің бастығы Сайын Ағзам бабаларының торсауытын тапсырды. Сол сауыттар бейіттің түбінде көмүлі жатқан екен. Саржал ауылынан ұста Боранбай деген ақсақал қолхоздастыру кезінде қолданылған бір тісті соқаны қайтадан қолдан соғып берді. Бақана ауылындағы Қабыш Керімқұлов егін жинауда пайдаланылған шантас құралын әкелді. Сондай-ақ арба, шана үлгілері де жиналды. Соқаның түрлері, ат әбзелдері, ер-тұрманнан бастап қолхоздастыру кезінде ел ішінде «қазықаяқ» аталған темір табанды дөңгелекті трактордың қалдығына дейін жинап алдық, — деп еске алады ақсақал. Ол кісі осыны айтқанда кейін осы музейдің де жабылып қалғаны есіне түсіп, ішінен қан жылап тұрған шығар, кім білсін?!

Шежіреші ақсақал осы музейдегі құнды жәдігердің бірі Мотыш бабаның шапаны дейді. Шапан музейге жырымдалған күйде жетсе керек. Молдаш аға оның себебін әйелдер босанғанда не ауруды ұшықтауға ырым ретінде елдің жыртып алғаны деп түсіндірді.

Алайда үлкен өкініш — музейдегі сонша мұраның қазір қайда екені белгісіз. Сайда саны жоқ, құмда ізі жоқ. Серік Жанболат: «Музейдегі жәдігердің көптігі соншалық, ғимаратта аяқ алып жүретін алаң аз



Шежіреші ақсақал осы музейдегі құнды жәдігердің бірі Мотыш бабаның шапаны дейді. Шапан музейге жырымдалған күйде жетсе керек. Молдаш аға оның себебін әйелдер босанғанда не ауруды ұшықтауға ырым ретінде елдің жыртып алғаны деп түсіндірді.

болатын», — дейді. Алты бөлме толы сыққан жәдігер, әрқайсысының өз шежіре, тарихы бар. Молдаш аға сөз арасында жәдігер ретінде қойылып үлгермеген, қоймада қалған қылыш-найзалар жайында да айтып қалған. Сол мұра мүлік-бұйымдар қазір қайда екен? Сұрастырғанда, тұшымды жауап ала алмадық.

ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ ҚОСЫЛҒАН ТАҒЫ БІР МУЗЕЙ

1972 жылы Молдабек Жанболатов Абай ауданындағы қызметінен сол кездегі Алматыдағы жоғарғы партия мектебіне оқуға кетеді. Кейін Ақсуат ауданында ұзақ жыл мәдениет саласында қызмет атқарып, сонынан Жанасемей ауданына ауысады. Ол кісі Ақсуатта да тарихи-өлкетану музейінің ашылуына мұрындық болған.

— Алматыға партия мектебіне оқуға барғаныммен, курстарына қатыспадым, — деп жымия еске алады ол. — Алматыдағы музейлерді аралаймын. Тіпті Қырғызстанға барып музейлерді аралаған күндерім болды. Соның бәрінде музейлердің тарихы, жасақталуы, жәдігерлердің тарихы қызықтыратын. Соларды аралап көп мәлімет алдым.

Жоғарғы партия мектебінен кейін Жол Семей облысындағы Ақсуат ауданына бөлім меңгерушісі қызметіне жіберіледі. Кейін үшінші хатшылыққа дейін өседі.

Молдабек Жанболатов ашылуына мұрындық болған Ақсуаттағы тарихи-өлкетану музейі елдегі маңдайалды мұражайлардың бірі ретінде аталады. Ұйымдастырушылар сол музейді ашып, алғашқы қызметкері болған Қонысбек Ақжасарды кейін Қырғызстанға, сосын Барнаулға іссапарға жіберіп, музей ісін тыңғылықты деңгейге жеткізген.

Молдабек Жанболатовтың музей ісін ұйымдастыру, жәдігерді тануы, жинауы, әдіс-тәсілдері, тәжірибесі — жеке үлгі. Әрине, ол кісі осы бағытта еңбектенгенде жалғыз болған жоқ, қолдаушылары, идеялас әріптестерімен бірге атқарды. Абай, Ақсуат, кейін Жаңасемей аудандарында бірнеше халықтық ансамбльдің дүниеге келуіне ұйытқы болған, барын дамытып, жетілдірген, соған бір адамдай үлес қосқан тағы да Молдабек Жанболатов болатын.

Ол кісінің Ақсуат кезеңіндегі қызметін талқылағанда журналист әріптестердің бірі: «Ел ол кісіні өте қатты сыйлайтын, кезінде Өзбекәлі Жәнібеков қалай мәдениетті көтерсе, жергілікті жерде, басқа жерді білмеймін, Ақсуат көлемінде дәл сондай еңбек сіңірген нағыз зиялы адам Молдаш ағамыз», — деген болатын.

Ел ағасының Ақсуат кезеңіндегі қызметі жайлы бір кезде өзінің әріптесі болған Бақыт Қажыбайқызынан сұрадым. Бақыт апайдың айтуынша, ол ауданның әлеуметтік, экономикалық саласы болсын, мәдениет, идеология саласы болсын, бөріне жан аямай ат салысып, алыстағы ауданның өрлеуіне өзіндік үлес қосқан. Бақыт Қажыбайқызы Молдаш ағаның адамгершілігі жайлы да айтып, әулетімен үлгі болғанын айтады.

— 10 жылдан аса бірге жұмыс істедік. Осы аралықта ол кісі халықтың құрметіне бөленіп үлгерді. Көркемөнерпаздар байқауына апарған өнер ұжымдары үнемі жүлдемен оралатын. Өзі үй-үйді аралап, әлеуметтік жағдайы нашар отбасыларға қарасатын. Жетім балаларға қамқор болатын. Тиісті шараларға активтерді жұмылдыра білетін. Ал бала бақша ғимаратын музейге лайықтап, жөндегіп, жылу жүйесіне дейін реттеп бергені бар. Музейде алғаш қызмет атқарған жақсы азамат Қонысбек Ақжасардың қызы Құралай қазір осы тарихи-өлкетану музейін басқарып отыр, — деп еске алады Бақыт Қажыбайқызы.

— Ол кісінің жары Сәлима Құмарқызы жақсы дәрігер болды. Әулетімен аянбай қызмет атқарған адамдар. Балалары да тәрбиелі болды, — деген Бақыт Қажыбайқызы аталған музейде Молдабек Жанболатовқа да мүйіс арналғанын айтады.

Молдаш аға Ақсуаттағы музейге жәдігер жинаудың бір ерекшелігіне де тоқталды. Айтуынша, сол кезде арғы беттен, Қытайдан келген қандастар осы музей мұрағатын толықтыруға айтарлықтай үлес қосқан екен.

— Олардың көңілін тауып, ескі бұйым үйде тұрғанда, музейде тұрсын дегенге көндірдік. Яғни жәдігерлердің өз иесі болды. Бірақ ел көрсін деген ниетпен музейге алдырдық. Осы жерден өздеріңіз де көріп тұрасыздар, ел тамашалауға да ыңғайлы дедік. Сол бұйымдардың ішінде айрықша құндылары болды. Оны Алматыдан, орталықтан келгендер алып кетуге өтініш жасағанда оған әуелде келіспедік. Иесімен сөйлескен жөн болатынын айттық. Солардың арасында иесімен көп ақшаға келісіп, біздің музейдегі жәдігерлерді Алматыдағы музейге алып кеткендер де болды, — дейді Молдабек Жанболатов.

Бағалы мұра — Абай музейінің реконструкциясына дерек жинап ат салысқан, оқығаны музей ісі болмаса да, осы саланы тәжірибесімен игерген Молдабек Жанболатовтың жергілікті өнерпаздарды қолдап, халық ансамбльдерін дамытып, мәдениет пен өнерге сүйеу болғаны — өнеге, ұлағат. Татымды жәдігерді танып, құнды мұра көрсе, музей ашқан Молдаш ағаның өлкетану, этнография саласында жасаған еңбегі, жазған кітаптары бір төбе. Саланын жанашыры да, жауынгері де бір өзі. Токсан деген қадірлі жасқа үлгілі тәжірибесімен жеткен адам нағыз бақытты жан шығар.

Қуанышбек ҚАРИ

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАРЫ

26 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ



Бейбіт Құсанбек – тағылымды жобаларымен, өзіндік қолтаңбасымен елдің есінде қалған ардақты тұлға. Өмірден ерте кетті. Қазақ журналистикасында өзіндік ізі қалды. Оның қаламынан туған жазбалары жинақталып, кітап болып жарық көрді. Қаламгердің бүкіл мұрасына ие болып отырған – өмірлік жары Ғазиза Исахан. Бүгін біз кейіпкерімізбен Бейбіт Құсанбектің көпшілік біле бермейтін қырлары, отбасындағы болмысы мен өмірлік ұстанымдары туралы сыр шерттік. Сондай-ақ бірге өткізген жылдардың жарқын сәттерін еске алып, журналистің шығармашылық жолы мен адамгершілік қасиеттері жайында жылы естелігін бөлісті.

— Бейбіт ағаны ел ең алдымен «Өмір өзен», «Үркер», «Ойталас» секілді тағылымды тележобалардың авторы ретінде таниды. Ал сіз үшін көпшілік біле бермейтін Бейбіт Құсанбек қандай адам еді?

— Қазақ теледидарында мыңдаған хабар жасаған Бейбітті жалпы көпшілік тележобалары арқылы ғана танимын рас. Ал онымен бірге оқыған сыныптастары, курстастары, араласқан достары, бірге жұмыс істеген әріптестері, түсірген хабарларының кейіпкерлері оның бірқалыпты мінезін, байсалдылығын, білімін, жан-жақтылығын жақсы біледі. «Үш-ақ нәрсе — адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп Абай ағамыз айтады ғой, Бейбіттің бойында сол қасиеттер болды, талантты, талапты, еңбекқор, мейірімді, қанағатшыл, рахымды, пенделіктен ада, жүрек күші де, білек күші де бір басына жетерлік азамат болды.

Бейбіт өмірде қандай болса, эфирде де сондай еді. Өзін эфир үшін өзгертіп, жасанды бейне жасайтындардың қатарынан болған жоқ. Оның бойындағы суырыпсалма ақындық, сазгерлік, әншілік, серілік, әдемі әзіл мен тапқырлықты көпшілік біле бермейді. Ал айналасы жақсы білді. Достарының, ағайын-туыстың, отбасылық басқосудардың сәні еді. Талай досының тойын жүргізіп, талай келіннің бетін ашты.

Бейбіттің бір ерекшелігі — адамға жақындығы. Сырт көзге көп сөйлемейтін, сырбаз, сабырлы көрінгенімен, жақын араласқан адам оның мейірімді, сезімтал екенін аңғаратын.

Қажытай Илиясов Бейбітті студент кезінен білетін. Оның «Бейбіттің бітімі» атты өлеңінде Бейбіттің болмысын дәл сипаттайтын жолдар бар: «Жаны тым нәзік, жанда жоқ сабырлылығы», «Үлкенге құрмет, ініге ізеті қандай?!», «Білімі — мығым», «Өнері — үстем, қыры — көп» дейді. Меніңше, осының бәрі Бейбіттің табиғатын өте дәл танытады.

Жақсыны жақтап,
жаманды көзі де көріп,

Жігіт болды жетелі сөзіне берік.
Қасарысса, қаймықпай, қаралықтарға,
Намысы тұтап, бітетін өзіне желік!
Жаны тым нәзік, жанда жоқ сабырлылығы,
Әндер де туған шабытты, арынды күні!
Гитараны да үйрете бастаған едім,
Ындынын еміп тұрған соң
«табырдың» үні!
Үлкенге құрмет, ініге ізеті қандай?!
Тіс жармаушы еді, ішкі ойын түзетін алмай!
Қағілез қалтын өзгертпей, сақтанатұғын.
Өкшелеп жүрген, соңында күзеті бардай!
Білімі — мығым, тұғырдай мойылдан қиған,
Олжасы — үлгі, торқалы тойыннан жиған.
Өнері — үстем, қыры — көп, жыры да жетік.
Тұлғасы — тұтас, мүсіндей шойыннан құйған.
Қызғаныш кернеп, жаласын тізгенде надан,
Пысқырмайды оған бұрылып, ізденген адам!
Байгені күткен банкердей тілеуін тілеп,
Болса екен дейміз, тек қана тіл-көзден аман!
Бағалы басы — ғаламдық жарық құндысы
Қошқар қояр қозыдай қалып-тұрғысы,
Ең сәулелі Министр болар-ақ еді,
Қоя салса, қарымын танып бір кісі! —
дейді Қажытай аға.

Бейбіттің жан дүниесін оның өлеңдерінен көруге болады. Тележурналист Бейбітті біз әдетте сұрақ қоятын, сөйлесетін, пікір таластыратын, қоғамға ой тастайтын адам ретінде елестетеміз. Оның телевизиядағы бағдарламалары да осы қоғамдық-интеллектуалдық болмысын көрсетеді.

Ал өлеңдері Бейбітке, Бейбіттің жан дүниесіне жақындауға мүмкіндік береді. Бейбіттің өлеңдері арқылы Бейбіттің болмысын, ақындық табиғатын, көзқарасын, ойларын білуге болады. Бейбіт өмірден өткен соң оның қойын дәптерлерінде, жекелеген парақтарда жазылып қалған

жырларын жинақтап «Өлең — Өзім» деген атаумен кітабын шығардық. Оған дейін өзі «Махаббат маусымы» деген кітабын шығарған еді.

— Қалайша өлең жазбайын,
Сыр толып тұрса тұла бой.
Бұл өлең өлең емес қой,
Бұл өлең — менің өзім ғой.

Бұл өлеңде өлең жазуы кәсіби міндеттен гөрі адамның ішкі сыры, сезімінен, ойынан туған табиғи құбылыс екені көрініп тұр.

Бейбіт үшін ішкі дүние — толып жатқан сыр. Ол өзін өлең арқылы сыртқа шығарады. Ол тек қоғаммен сөйлесетін журналист емес, ішінде көп нәрсені алып жүретін, сезімін іште пісіретін адам. Оның сезімталдығы — азаматтық сергектігінің бастауы.

«Миллион тарау ойларымың арнасы:
Ақын болсам — адам емен аз мұңы.
Ойлаптады тірлігімнің формасы,
Ойлаптады өмірімнің мазмұны».

Бұл — сыртқы дүниеге бейжай қарай алмайтын адамның сөзі. Ол үшін өмір — жай фактілер жиынтығы емес. Өмір — сезім, арман, ой және жауапкершіліктің қосындысы.

Бұл оның тележурналистік болмысын да түсіндіруге көмектеседі. Оның архивтік

сақтау, ұлттық дәстүрді қадірлеу деген түсініктер жатты деп ойлаймын.

«Жиырма бірінші ғасырға» деген 1989 жылы жазылған өлеңінде Бейбіт XX ғасырдан XXI ғасырға қарата: «Жаңа ғасыр, қақпана келіп қалдық» деп сөйлейді.

Бірақ өлеңдегі ең маңызды мәселе — жаңа ғасырдың техникалық жаңалығы емес, қазақ халқының жаңа заманға қандай күйде енетіні.

Мысалы:

«Тілін, ділін сақтаған халқым үшін
Қойшы орын төр жатқан қарастырып».

Бұл жерде Бейбіт үшін болашақтың басты өлшемі — технология немесе материалдық даму емес, тіл мен ділдің сақталуы, ұлттық болмыстың орнығуы.

Несіпбек Айтұлы Бейбітке арнаған өлеңінде: «Имандай ұйып өсіп ең, атадан қалған ғұрыпқа, исен де басты үлкенге, бүкпедің тізе ұлыққа» деп жазған. Бұл — оның болмысын сипаттайтын сөз.

Бейбіттің түсінігінде қазақтың қазақтың ұстап тұрған дәстүрлердің бірі — ағайын арасындағы татулық, кішінің үлкенді сыйлауы, ағаның ініге деген қамқорлығы, есіктің ілінбеуі, яғни кез

ҒАШЫҚ АҚЫН БОЛСАМ



Бейбіт — дүниеге сырттай қарап тұрған адам емес, дүниені жүрегінен өткізіп барып қабылдайтын адам. Оның ішінде үнемі қозғалыста тұрған ой бар. Сол ой кейде махаббатқа, кейде туған жерге, кейде халықтың тағдырына, кейде болашаққа айналып, өлең болып сыртқа шығады.

және телевизиялық мұрасында тарихи тұлғалар, тіл, әдебиет, мәдениет, ел ағалары туралы көптеген бағдарламаның болуы осы қоғамдық қызығушылықтың кендігін көрсетеді.

Бейбіт — дүниеге сырттай қарап тұрған адам емес, дүниені жүрегінен өткізіп барып қабылдайтын адам. Оның ішінде үнемі қозғалыста тұрған ой бар. Сол ой кейде махаббатқа, кейде туған жерге, кейде халықтың тағдырына, кейде болашаққа айналып, өлең болып сыртқа шығады. Ол қалада жүріп даланы аңсайды, тәуелсіздікке қуанып тұрып елдің ертеңіне алаңдайды, халық туралы ойлап жүріп өз жанын тыңдауға уақыт таппай қалады. Оның қатқыл азаматтық үнінің ар жағында өте нәзік, табиғатты аңсаған, махаббатқа сенген, арманынан айырылмаған адам бар. Сондықтан оның «Бұл өлең — менің өзім ғой» деген сөзі шығармашылығының ғана емес, оның ішкі болмысының кілті секілді.

Бейбіт өлеңдерінде оның бізге қалдырған дауысы емес, біз естімей қалған ішкі дауысы бар.

— Бейбіт ағаның өмірде берік ұстанған, қандай жағдайда да аттамаған қағидасы болды ма? Оның сол мінезі отбасы өмірінен қалай көрінетін еді?

— Бейбіттің өмірлік ұстанымдарының өзегінде адамды сыйлау, үлкенді құрметтеу, кішіге қамқор болу, ағайынның татулығын

келген уақытта қонақ қабылдай білу, ата-текті білу, қызды сыйлау, құдалықтың қадірін түсіну — жай ғана дәстүр емес, елді ел ететін қасиеттер. Үлкеннің қас-қабағына қарау, ақсақалды тыңдау, адамды қадірлеу дегенді де ерекше бағалады.

Ол сөз бен істің алшақтығын ұнатпайтын. Яғни ұлттық құндылықты айту бір бөлек те, оны күнделікті өмірде ұстану бір бөлек екенін жақсы түсінетін.

Бейбіт үйінің үлкені болғандықтан, ата-анасына, бауырларына, ағайын-туыстарына тірек болды. Бауырларының, ағайын-туыстың оқуы, жұмысқа орналасуы, дәрігерге қаралуы, отбасын құруы, тағысын тағы бөріне қолынан келгенше көмектесетін. Наурыз, Жаңа жыл, 8-наурыз, айт күндері, ең алдымен ата-аналарымызды құттықтау, батасын алу біздің отбасында дәстүрге айналған.

— «Өмір өзенде» талай адамның тағдыры, өмірдің бұралаң жолдары сөз болды. Бейбіт аға кейіпкерлерінің тағдырын жүрегіне жақын қабылдайтын ба? Түсірілімнен кейін ұзақ уақыт ойынан кетпей жүрген оқиғалар болды ма?

— «Өмір — өзен» Бейбіт үшін жай ғана телебағдарлама емес еді. Ол арқылы белгілі бір кезеңнің адамын, қоғамның рухани ахуалын түсінуге тырысты.

1980-жылдардың соңы мен 1990-жылдардың басындағы күрт өзгерістер адамдардың ішкі жан дүниесіне де үлкен төңкеріс жасады. Бұрынғы мақсат-мұраттардың быт-шыты шыққан кезде «Енді қандай рухани қазыналарды пір тұтамыз? Тәуелсіз мемлекет ретінде XXI ғасырға қандай қасиеттермен қадам басамыз? Тіліміз бен діліміз алашабыр ұлттың басын не біріктіреді?» деген сұрақтар Бейбітті қатты толғандырды.

1995 жылдың күзінен 1998 жылдың жазына дейін «Өмір — өзеннің» жүзден астам хабары жасалды. Өнер, әдебиет, мәдениет қайраткерлері, саясаткерлер, тарихшылар, педагогтер, психологтер және басқа да мамандар қатысты.

Бейбіт бағдарламаның идеясын түсіндіре отырып: «Бәріміз жақсы бір кеменен жайбарақат келе жатқанбыз. Ағыс күрт өзгерді де, кемені толқын төңкеріп кетті. Біреуіміз малттып келеміз, біреуі тұншығып жатыр, енді әркім өзінше», — деген еді.

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАРЫ

26 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

Оның мақсаты — адамдардың сол аласапыран кезеңде не ойлағанын, неге толғанғанын түсіну. Әр кейіпкердің өткен өмірінен оның болмысын ашатын маңызды сәттерді табуға тырысты. «Сол кезде неге солай істеді? Қазір солай істер ме еді? Болашақта ше?» деген сұрақтар Бейбіт үшін маңызды болатын.

Ол адамның тағдырын сырттай бақылаушы ретінде емес, түсінуге тырысқан сұхбаттас ретінде қабылдайтын.

— **Шығармашылық адамын кейде отбасы ғана терең түсінеді. Бейбіт ағаның көпшілікке көрінбейтін күмәні, толғанысы немесе жанын ауыртқан дүниелері туралы сізбен сырласатын кездері болушы ма еді?**

— Бейбіттің жан дүниесі нәзік еді. Оның ішкі әлемін өзі жазған бір хатының бірнеше жолы-ақ аңғартады.

1988 жылы Мәскеуде телекомментаторлар курсына екі ай оқыды. Ол кез — қоғамда үлкен өзгерістер басталған кезең. Сол жерде өмірдің көлеңкелі жақтарын көрсететін фильмдерді көріп, әрі үйін сағынып жүрген кезінде маған жазған хатында: «Бүкіл көңіл күйім, жан дүнием домбыраның екі ішегі сияқты. Бірі —

рының куәсі. Бүгін Бейбіт ағаның мұрасына архив маманының көзімен қарағанда, ең алдымен нені сақтап қалуымыз керек деп ойлайсыз?

— Ең алдымен, Бейбіттің өзі жасаған телехабарларын, сұхбаттарын, бейнетаспаларын, қолжазбаларын, хаттарын, өлеңдері мен әндерін, жұмыс дәптерлері мен сценарийлерін жүйелеп, біртұтас шығармашылық архив ретінде сақтау керек деп ойлаймын. Сондықтан да оның жеке қоры Ұлттық архивте сақтаулы. Жеке архивінде сақталған бірқатар хабарының бейнетаспалары мен дискілерді Кинофотокұжаттар мен дыбысжазбалар архивіне өткізгенбіз. Ал өмірбаянына, жеке өміріне қатысты деректер Астана қалалық архивіндегі отбасылық қорында сақтаулы. Өйткені оның мұрасы — бір адамның жеке шығармашылығы ғана емес, белгілі бір дәуірдің рухани шежіресі.

Мысалы, «Өмір — өзенде» Әбділда Тәжібаев, Мұхтар Бактыгереев, Тынышбай Рахым, Жарасқан Әбдірашев сияқты көптеген белгілі тұлғаның соңғы бейнелері сақталған. Бұл — өте құнды дүние. «Ел ағалары» циклы бойынша портреттік хабарлары, «Бір сәт және бүкіл ғұмыр»



нәрсенің шегі болады», Абайдың сөздерінен айтып отыратын.

Балаларына: «Ең алдымен, білім алындар, оқып-үйреніндер, тандаған мамандықтарына адал болындар, өмірден өз орындарыңды табындар. Ешқашан ақшаға, дүниеге қызықпаңдар. Адамгершілік, адалдық, қайырымдылық —

Өзі өмірден өтсе де, көзі тірісінде айтқан әрбір ақылы, үлгі-өнегесі балаларына мәңгі сабақ болып қалды. Бұл — әке тәрбиесінің ең үлкен нәтижесі шығар. Астанаға келген бір сапарында (2006 жыл, желтоқсан айы) «Балалардың біреуін журналистикаға баулу керек еді» деді. «Немерелеріміз болады, саған ұқсатып тәрбиелейміз» деген едім.

Бейбіт балаларын еркелететін, бірақ керек жерде талап қоятын. Білімге ерекше мән беретін. Ең бастысы, балаларына байлық қалдыруды емес, жақсы адам болуды үйретті.

Менінше, бұл — Бейбіттің ұрпағына қалдырған ең үлкен мұрасы.

Бейбіттің өзі 16-17 жасында «Кім болам?» деген өлеңінде:

«Ғашық мынау әлемге ақын болсам деп едім,

Адамдардың жанына жақын болсам деп едім», — деп жазған екен.

Ол арманына жетті деп ойлаймын. Ақын да болды, журналист те болды, сазгер де болды. Ең бастысы, адамдардың жанына жақын болды.

Бейбіттің артында қалдырған ең қымбат мұрасы — оның балалары ғана емес, адамға деген құрметі, ұлттық рухы, журналистік мектебі, шығармалары және өзі араласқан адамдардың жүрегіндегі жақсы естелігі.

Тұманбай (Молдағалиев) ағасы «өнегелі, өр, сұлу, ғажайып қазақтардың бірі» деп еді. Ал Әкім ағасы Бейбіттің үш қасиетін атап айтады: «Бірінші, әлдекімдердей жалт етіп шығып, жалт етіп құлап қалған емес, арық айтып, семіз шығып келе жатқан азамат. Екіншіден, қай тақырыпты қозғаса да тереңнен тартып, шарықтатып көтеретін қаламгер. Маржан тіл, сыпайы мінезі көрерменді жалықтырмай, қызықтырып ұстайды. Үшіншіден, Бейбіт ылғи іздену үстінде, өзі ашқан асылды қалың елімен бөлісуге құштар, жақсының жақсылығын жариялап жар салу міндетім деп біледі. Бұл — ілуде бір кездесетін киелі қасиет. Құсанбек Бейбіт қаншама жылдан бері әрбір қазақ отбасының төрінде сыр шертіп, ақылдасып, кеңесіп, «өз үйінің» адамы болып келеді. Оны танымайтын, оны күтпейтін қазақ жоқ десем, артық айтқаным емес».

Бейбіт қысқа ғұмырында көп нәрсеге үлгерді. 1980-жылдардың ортасындағы «Жадыра», «Құрдастар», «Дидар» хабарларындағы сюжеттер, «Халық қазынасы», «Өмір — өзен», «Үркер», «Таразы», «Ақиқат ауылы», «Тіл», «Нысана», «Бір сәт және бүкіл ғұмыр», «Ел ағалары» сияқты хабарлары арқылы өз дәуірінің сөзін айтты. Ал артында қалған адамдық болмысы арқылы өзі өмір сүрген ортасына қандай азамат болу керекін көрсетті.

Сондықтан Бейбіттің өмірін еске алғанда, оның бізге қалдырған ізін, сөзін, тәрбиесін, шығармашылығын кейінгі ұрпаққа жеткізу біздің міндетіміз деп білемін.

— **Әңгімеңізге рақмет!**

Сұхбаттасқан
Гүлзина БЕКТАС

МЫНАУ ӘЛЕМГЕ ДЕП ЕДІМ



мұңлы үн, екіншісі — көңілді, өмірге құштар үн шығарады», — деген еді.

Өмірдегі қиындықтар мен жамандықтар оның «мұңлы ішегін» қағып, өмірден түңілгендей күйге түсіретінін, ал жақсы фильм, жақсы кітап, адамдардың тазалығы мен адалдығы оның бойындағы «көңілді ішекті» үн қақтырып, өмірге қайта ғашық ететінін жазған.

Менінше, Бейбіттің табиғатын осы сөздерден артық сипаттау қиын. Ол жамандықты көргенде бейжай қала алмайтын, жақсылықты көргенде шын қуана білетін адам еді.

Оның жан дүниесі ақ қағаздай таза болатын. Бірақ өзінің ішкі толғанысын көпшілікке жариялай бермейтін. Сырын кез келген адамға аша қоймайтын. Жақын араласқан адам ғана оның ішкі әлемінің қаншалықты бай әрі сезімтал екенін түсінетін.

«Нәзіктік менде бұрыннан барды Қайсарлық сенен дарыды» — деп Бейбіт сол балаң кезінде Қажытай ағасына өлең арнаған. Нәзіктік бұл адамның ішкі жан дүниесінің тазалығы, адамдарға қамқорлығы, сенімі, адамдарды қас-қабағынан түсінуі, байқауы, сондықтан ішкі дүниесі бай, ішкі тегеуріні мықты кісінің ұстанымы да мықты болатыны сөзсіз.

— **Сіз ұзақ жыл архив саласында еңбек еттіңіз. Архив — өткеннің ізі мен адам ғұмы-**

хабарындағы бейнелер, тағы басқалары тек Бейбіттің шығармасы ретінде емес, XX ғасырдың соңындағы қазақ қоғамының рухани портреті ретінде де қарауымыз керек.

Бұрынғы буынның талай телехабары бейнетаспаға жазылмай, ізсіз кетті. Біздің дәуір оған қарағанда бақытты: Бейбіттің көптеген бағдарламасы сақталды. Ендігі міндет — бар дүниені жоғалтпай, цифрландырып, сипаттап, зерттеушілер мен кейінгі ұрпаққа қолжетімді ету.

Архив деген — ескі қағазды сақтайтын қойма ғана емес. Архив — халықтың жады. Ал Бейбіттің мұрасы сол ұлттық жадтың бір бөлігі.

— Бір шаңырақта ұзақ жыл бірге ғұмыр кешкенде адамның айтқан сөзінен гөрі ісі көбірек есте қалады ғой. Бейбіт ағаның сізге қалдырған ең үлкен өмірлік сабағы қандай?

— Оның ең үлкен сабағы — адам болып қалу. Бейбіт атаққа, мансапқа, дүние-мүлікке қызыққан адам емес еді. Ол үшін адамның адамдығы бірінші орында тұрды. «Сен елдің киіміне, дүниесіне қарама, мені жұртпен салыстырма, әркім өз жағдайына қарайды. Әулетімізде оқыған, көзі ашық, бас көтеретін біз болғандықтан, ағайын-туыс бізге келеді, бізден көмек сұрайды. Кең болсаң, кем болмайсың» — дейтін. Сөздің ретіне қарай «Каждому свое», «Әр

ТҰЛҒА

26 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

Кеше Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде қазақ журналистикасы теориясының негізін салушылардың бірі, көрнекті ғалым, профессор Темірбек Қожакеевтің туғанына 100 жыл толуына арналған «Темірбек Қожакеев мұрасы және жаңа медиа дәуірі: дәстүр, трансформация, инновация» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Халықаралық басқосуда Отандық журналистика ғылымының өкілдері, белгілі медиатұлғалар, республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары мен медиа сарапшылар баяндама жасап, пікір алмасты. Жиында цифрландыру мен жаңа технологиялардың журналистикаға ықпалы, дәстүрлі медианың трансформациясы, ақпа-



Қожакеев тағымы

рат кеңістігіндегі жаңа үрдістер және қазіргі еңбек нарығына бейім журналист мамандарын даярлау мәселелері кеңінен талқыланды.

Бірінші сөз кезегін алған Құрылтай депутаты, академик Дихан Қамзабекұлы Темірбек Қожакеевтің артында үлкен ғылыми және рухани мұра қалғанын айтып өтті. Ол бүгінгі жиынға ғалымның тәлімін көрген, мектебінен өткен бірқатар шәкірті арнайы келгенін және Еуразия ұлттық университетінің 30 жылдық белесіне тоқталып, университеттің қалыптасуында мықты ғылыми ортаның маңызы айрықша екенін, ортада Қожакеев қалыптастырған ғылыми арнаның да өзіндік орны бар екенін жеткізді.

— Университеттің негізгі тетігі — факультет. Ал кез келген университеттің сапасы мен қасиеті ғылыммен өлшенеді. Темірбек Қожакеев — руханият, әдебиет, бүгінгі тілмен айтқанда, әлеуметтік ғылымдар саласында сатира жанрын ғылыми тұрғыдан қалыптастырған тұлға. Идеология үстемдік құрған күрделі кезеңде сатираны зерттеу, оның табиғатын ашу оңай болған жоқ. Біз сатираны адамды жақсылыққа, жарыққа бастайтын жолдың бірі деп түсінеміз. Темірбек аға осы бағытта үлкен еңбек атқарды. Сондай-ақ зерттеушілік еңбегінің маңызды бір бөлігі сирек қолжазбалар мен көне басылымдарды зерделеумен байланысты болды. Ол сол кездегі Пушкин атындағы Ұлттық кітапхананың сирек қолжазбалар мен сирек кітаптар қорында таңнан кешке дейін отырып, араб қарпіндегі көптеген дүниені оқып, зерттеді. Соның нәтижесінде талай құнды мұра жарыққа шығып, ғылыми айналымға енді, — деді Дихан Қамзабекұлы.

Профессор оның бірқатар еңбегі осы ізденістердің нәтижесінде дүниеге келгенін атап өтті.

ЖУРНАЛИСТИКА МЕКТЕБІНІҢ ЖАНАШЫРЫ

Ғалым, профессор Дандай Ысқақ «Темірбек Қожакеев — азамат, ғалым, қайраткер» тақырыбын-

дағы баяндамасында ұстазының азаматтық болмысына тоқталды. Ол Темірбек Қожакеевтің шәкіртке талап қоя білетін қаталдығының астарында үлкен жауапкершілік жатқанын еске алды. Ұстазынан тәлім алған шәкірттер сол талаптың өздерін шыңдап, өмірдің түрлі сынағына төтеп беруге үйреткенін кейін түсінгенін жеткізді. Сондай-ақ ғалымның қандай жағдайда да әділдіктен айнымайтын мінезі туралы конференция қонақтарына тарқатып айтып берді.

қалмай, баспасөзде мақала жарылап, ұлттық мектептердің тағдырын көтерген.

«ҚОЖАКЕЕВТІҢ АҢЫЗ АДАМ ЕКЕНІН ДӘЛЕЛДЕУДІҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ»

Жиындағы сөзін осылай бастаған филология ғылымдарының докторы, профессор



— Темекен руханияты биік, елдің ертеңі үшін күрескен азамат еді. Біз оның халық алдындағы азаматтық жауапкершілігінің қаншалықты жоғары болғанын көрдік. Ұстазымыз «Баланды аясан, айма» деген қағиданы берік ұстанатын. Біз Қожакеевтен талай тепкі де көрдік. Бірақ соның бәрі бізді шыңдады. Темекеннің тұлғасы бөлек болатын. Жұмысқа алуда да, жұмыстан шығаруда да әділ болды. Сол әділдігінің арқасында қатал болды. Әсіресе оның руханият мәселесінде ел мүддесі үшін күрескенін ұмытпауымыз керек, — деді Дандай Ысқақ.

Ғалым Темірбек Қожакеевтің азаматтық ұстанымын қазақ тілінің тағдырымен байланысты тарихи кезеңдер арқылы да сипаттады. Тың игеру жылдарында елдегі демографиялық ахуал өзгеріп, қазақ мектептері жаппай жабылған тұста ғалым бұл мәселеге үнсіз

Намазалы Омашев Темірбек Қожакеевтің қазақ журналистикасындағы орны бөлек екенін атап өтті. Айтуынша, ғалым жарты ғасырға жуық уақыт журналист мамандарын даярлап, шәкірт тәрбиесіне өлшеусіз үлес қосты. Ұстаздың дәріс беру мәнері, сөз саптауы мен ой қорыту ерекшелігі де оны өзгелерден даралап тұрды. Әсіресе сатира мен юмор табиғатын терең зерттеп, осы бағытта іргелі ғылыми еңбектер қалдырды. Сонымен қатар қазақ баспасөзінің тарихына қатысты тың деректерді ғылыми айналымға енгізіп, кезінде жазықсыз жапа шеккен қоғам қайраткерлері мен қаламгерлердің мұрасын зерделеуге ден қойды.

— Қожакеев — ең алдымен ғалым, одан кейін журналист. Сатира мен юморды, фельетонды құр жазып қана қойған жоқ, оны өмір бойы зерттеді. Ғалымның бұтадай талдаған тақырыбының бірі —

жалпы сатира мен юмордың мәселелері, оның ішінде «қазақ сатирасының теориясы мен тәжірибесі». Осы сала бойынша кезінде монографиялық еңбектер жариялады. Ол қазақ әдебиетінің зәру мәселелеріне қалам тартты. Оның зерттеулерінде үш ірі ғылыми бағыт тоғысты: журналистика тарихы, публицистика теориясы және сатира теориясы. Бұл бағыттар еңбектерінде бір-бірімен байланысып, сабақтасып жатты. Өйткені Темекен үшін журналистика — қоғамның мінезін, уақыттың қайшылығын, адамның болмысын танытатын әлеуметтік институт еді. Қожакеев мұрасының ең маңызды ерекшелігі — журналистика теориясын ұлттық материал арқылы түсіндіруінде. Темірбек Қожакеев қазақ журналистиканың теориялық мектебін қалыптастырған алғашқы ғалымдардың бірі болды, — деді профессор.

Намазалы Омашев ғалым мұрасын бүгінгі журналистика ғылымының талаптарымен сабақтастыра зерттеудің маңызына да назар аударды. Оның айтуынша, XX ғасырдың екінші

жартысында ұлттық баспасөз тарихын жүйелеу, публицистиканың табиғатын айқындау, журналист шеберлігін ғылыми тұрғыдан зерделеу қажеттілігі туындаған кезде, Темірбек Қожакеев осы бағыттағы ғылыми мектептің қалыптасуына айрықша үлес қосты. Сондықтан ендігі міндет — ғалым қалыптастырған ғылыми дәстүрдің қазіргі журналистикаға берерін саралап, оның теориялық тұжырымдарын жаңа медианың ерекшеліктерімен сабақтастыра қарастыру керектігін қадап айтты.

«ҰСТАЗЫМЫЗДЫҢ ДӘРІСІ ӘЛІ ЕСІМІЗДЕ»

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы Серік Негимов «Профессор Темірбек Қожакеевтің лекторлық шеберлігі» тақырыбындағы баяндамасында ғалымның ұстаздық қырына кеңінен тоқталды. Ол Темірбек Қожакеевтің дәрісін тыңдаған жылдарын еске алып, оның аудиторияны баурап алатын сөйлеу мәнері, дауыс ырғағы мен анық дикциясы шәкірт жадында ұзақ сақталатынын айтты. Сондай-ақ сол кезеңде дәріс берген Темірғали Нұртазин, Ыбырайым Маманов, Мәулен Балақаев, Зейнолла Қабдолов сынды көрнекті тұлғалармен қатар Қожакеевтің де өзіндік лекторлық мектебі қалыптасқанын атап негізге алды.

— 1968—1969 жылдары Темірбек Қожакеев біздің курсқа «Қазақ сатирасы мен юморы» пәнінен бір семестр бойы дәріс оқыды. Сол дәрістерден естіген әсерлі әңгімелері мен сөздері әлі күнге дейін есте. Темекеннің «Ақылды, айбарлы ақсақалдарымызды сақтайық. Үлкендерді ұлықтайық. Ақылды ұрпақ өсірсен, алып шығар құлдықтан, ақылсыз ұрпақ өсірсен, бұлқығаны — бұлқыған» деген бір ойы бар. Ол кісі сатиралық жанрларды терең талдап, поэзия мен прозадағы сатираның табиғатын жан-жақты түсіндіретін. Қазақ сатирасының Абай, Сұлтанмахмұттан жалғасқан арнасын тара-

тып айтып, кейінгі қаламгерлер шығармашылығымен сабақтастыратын. Сол кезде бізге Қадыр Тайшықовтың «Октябрь ұшқыны» кітабын оқытқаны да есімізде қалыпты, — деді Серік Негимов.

ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ САТИРАСЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ

Халықаралық конференцияға Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетінің Журналистика және коммуникация институтындағы «Телевизия» білім беру бағдарламасының жетекшісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Айна Дүйшекеева да онлайн форматта қатысты. Ол Темірбек Қожакеевтің ғылыми мұрасын қырғыз әдебиетіндегі сатиралық дәстүрмен салыстыра талдап, екі халықтың сатирасындағы ортақ ерекшеліктерге тоқталды.

— Бүгінгі конференция Темірбек Қожакеевтің 100 жылдық мерейтойына арналып отыр. Сондықтан біз ғалымның өмір жолын ғана емес, оның сатира мен журналистиканы зерттеудегі ғылыми тұжырымдарын, жанашылдығын да қарастыруымыз керек. Қожакеевтің ғылыми концепциясы жөнінде бүгін мазмұнды баяндамалар жасалды. Мен қазақ сатирасын зерттеудегі оның тұжырымдарын қырғыз сатирасымен салыстыруға тоқталғым келеді. Мұндай салыстыру екі халық сатирасының арасында бірқатар ортақ сипат бар екенін көрсетеді. Бірінші ортақ белгі — қазақ және қырғыз сатирасының бастауында халықтың ауыз әдебиеті мен акындық дәстүрінің жатуы. Ирония, өткір сөз бен юмор екі халықтың да сөз өнерінен ежелден орын алған. Екінші ұқсастық — сатираның тарихи даму үстіндегі құбылыс ретінде қарастыру. Яғни қоғам өзгерген сайын сатираның мазмұны мен көркемдік формасы да жаңарып отырады. Ал үшінші ерекшелік — сатираның қоғамдық сипатымен байланысты, — деді шетелдік ғалым.

Айна Дүйшекееваның айтуынша, қазақ және қырғыз сатиратауында сатира қоғамдық шындықпен тығыз байланыста қарастырылады. Қырғыз әдебиетінде фольклор мен акындар шығармашылығы жазба әдебиеттің қалыптасуына негіз болған. Бұл мәселе Халил Бапаев пен Кубан Мамбеталиевтің еңбектерінде де жан-жақты зерттелген. Ғалым Темірбек Қожакеевтің сатираны тек әдеби құбылыс ретінде қарастырмай, оның теориялық негіздерін жүйелегеніне назар аударды. Сондай-ақ ол ұлттық сатираның қалыптасуы мен даму жолдарын, сатиралық жанрлардың жіктелуін, әдебиет пен журналистиканың өзара байланысын кешенді түрде зерттеген.

Жиын соңында қазақ журналистикасы мен руханиятының дамуына үлес қосып жүрген бір топ зиялы қауым өкіліне Темірбек Қожакеев атындағы медаль табысталды. Мерейтойлық марапат ғалымның өнегелі өмірі мен ғылыми мұрасын ұлықтаудың, оның есімін кейінгі ұрпаққа дәріптеудің бір белгісі болды.



ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ АЯСЫ КЕҢЕЙДІ

Шымкентте халықты жұмыспен қамту, жаңа жұмыс орындарын ашу және еңбек нарығына қажетті мамандар даярлау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Биыл қалада 31 мыңнан астам азаматты жұмыспен қамту шараларына тарту жоспарланып, бүгінде оның 26 мыңнан астамы тиісті қолдауға ие болды. Бұл бағыттағы нақты мүмкіндіктердің бірі – жуырда өткен өңіраралық бос жұмыс орындары жәрмеңкесі.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Еңбек күніне орай ұйымдас-тырылған жәрмеңкеге Шымкент қаласындағы 100-ден астам мемлекеттік және жекеменшік ұйым қатысты. Оның ішінде индустриалды аймақтарда жұмыс істейтін 20 кәсіпорын бар. Жұмыс іздеушілерге барлығы 3 100-ден астам бос жұмыс орны ұсынылды. Оның 2 мыңға жуығы тұрақты болса, 1 100-і – уақытша жұмыс орындары. Жәрмеңкенің өңіраралық деңгейде өтуі де еңбек нарығындағы мүмкіндіктерді кеңейте түсті. Іс-шараға Абай, Солтүстік Қазақстан, Ұлытау және Павлодар облыстарынан 20-дан астам делегация қатысып, тұрғындарға жұмысқа орналасу, ерікті түрде қоныс аудару және жұмыспен қамтуды қолдаудың қолданыстағы шаралары жөнінде кеңес берді.

Жәрмеңкеге қатысқан Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсынысты тиімді үйлестірудің маңызын атап өтті. Қала әкімі жұмыс орындарын көбейту, тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамту және еңбек нарығына қажетті мамандарды даярлау қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы басым бағыттардың бірі екенін айтты.

Жәрмеңке жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілердің тікелей байланыс орнатуына мүмкіндік берді. Тұрғындар өздеріне қажетті мамандықтар бойынша ұсыныстармен танысып, жұмысқа орналасу мүмкіндігін қарастырды. Сонымен қатар кәсіби оқыту, кәсіпкерлік бастамаларды қолдау және мемлекеттік жұмыспен қамту бағдарламалары туралы ақпарат алды.

Шымкенттегі жұмыспен қамту саясатының негізгі мақсаты – азаматтарды уақытша еңбекпен ғана қамту емес, тұрақты жұмысқа

Жәрмеңке жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілердің тікелей байланыс орнатуына мүмкіндік берді. Тұрғындар өздеріне қажетті мамандықтар бойынша ұсыныстармен танысып, жұмысқа орналасу мүмкіндігін қарастырды.

орналастыруға жағдай жасау. 2026 жылдың II тоқсанындағы мәлімет бойынша, қаладағы жұмыссыздар саны 22 401 адамды құрап, жұмыссыздық деңгейі 4,6 пайыз болды. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 1,8 пайызды құрады. Биыл қала бойынша 31 398 адамды жұмыспен қамту шараларына қатыстыру жоспарланған. 21 қыркүйектегі жағдай бойынша оның 26 412-сі немесе 84,1 пайызы түрлі жұмыспен қамту шарасына тартылды. Оның ішінде 16 мыңнан астам адам тұрақты жұмыс орындарына орналасты.

Жалпы, тұрақты жұмыс орындарына 11 427 адамды орналастыру жоспарланса, қазір 8 575 азамат тұрақты еңбекпен қамтылды. Қалада жаңа жұмыс орындарын құруға да басымдық берілуде. Тұжырымдамалар, даму бағдарламалары және азаматтардың жеке бастамалары есебінен 9 446 адамды жұмыспен қамту жоспарланған. Бүгінде оның 7 732-сі жұмысқа жолданды. Ал жеке бастамалар есебінен 6 919 адамды жұмыспен қамту жоспары толық орындалды.

Жұмыспен қамту шаралары азаматтарды жұмысқа орналастырумен ғана шектелмейді. Ең-

бек нарығындағы нақты сұранысқа сәйкес мамандар даярлау да маңызды бағыттардың бірі. Биыл дағдыларды дамыту бағыты бойынша 4 149 адам оқытылды. Оның ішінде 450 азамат жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша кәсіби оқуға жіберілсе, 160 адам тікелей жұмыс орындарында білім алды. Электрондық еңбек биржасы арқылы 3 454 адам онлайн оқытуға қатысты. Ал кәсіби біліктілікті тану бағыты бойынша 85 азамат оқып шықты.

Жұмыспен қамтудың тағы бір бағыты – азаматтардың өз ісін бастауына мүмкіндік жасау. Биыл кәсіпкерлік бастамаларды қолдау шараларына 2 726 азамат тартылды. Оның ішінде 2 623 адам «Бастау Бизнес» жобасы аясында білім алды. Әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға да ерекше қолдау көрсетілуде. Оларға 400 АЕК-ке дейінгі мемлекеттік гранттар қарастырылған. Биыл 400 азаматқа грант беру жоспарланса, қазір 103 адам мемлекеттік қолдауға ие болды. Бұл тұрғындардың тек дайын жұмыс орнын күтуіне емес, өз кәсібін ашып, табыс көзін қалыптастыруына мүмкіндік беретін тетік.

Жастарды еңбек нарығына бейімдеу де назардан тыс қалған жоқ. Биыл «Жастар практикасы» бағдарламасы аясында 1 404 адам жұмысқа орналастырылды. Субсидияланатын жұмыс орындарына 3 229 азамат жолданса, қоғамдық жұмыстарға 1 479 адам тартылды. Жазғы кезеңде студенттер мен мектеп оқушыларын уақытша еңбекке тарту бойынша да жұмыстар жүргізілді. Жұмыс берушілердің өтінімдері негізінде 1 маусымнан бастап 298 жас үш ай мерзімге қоғамдық жұмысқа жолданды. Оның 192-сі жоғары оқу орындарының студенттері, 106-сы – 16 жастан асқан мектеп оқушылары. Жастарға ай сайын 28 АЕК мөлшерінде, яғни 121 100 теңге көлемінде жалақы төленді. Мұндай мүмкіндіктер жастардың алғашқы еңбек тәжірибесін жинақтап, еңбек нарығына бейімделуіне жол ашады.

Алдағы кезеңде де жаңа жұмыс орындарын құру, азаматтарды тұрақты еңбекпен қамту, кәсіби оқыту мен кәсіпкерлікті қолдау жұмыстары жалғаса береді. Шымкент үшін бұл бағыттың маңызы ерекше.

Батыс Қазақстан облысында жылдар бойы созылған коммуналдық инфрақұрылым мәселелері біртіндеп шешімін тауып келеді. Тозығы жеткен су және жылу құбырларын, электр желілерін жаңартуға қомақты қаржы бөлініп, жүздеген шақырым инженерлік жүйе реттеліп жатыр.

КОММУНАЛДЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖАҢАРТЫЛЫП ЖАТЫР



Оған дәлел – Орал қаласындағы №29 кәріздік сорғы стансасы. 2009 жылы пайдалануға берілген бұл нысанның құрал-жабдығы 80 пайызға дейін ескіріп, құбырлары жиі істен шығып тұратын. Қазір мұнда қайта жаңғырту жұмыстары басталып, екі арнаулы техника, 20-ға жуық маман жұмылдырылған. Жобаның құны – 1,8 миллиард теңге. Жұмыс аяқталған соң стансаға жалпы қуаты 290 киловатт болатын, Швецияда жасалған үш жана сорғы агрегаты орнатылмақ. «Жаңа құрал-жабдық бұрыныдан екі еседей қуатты. Бұл стансаның өнімділігін арттырады», – дейді «Батыс су арнасы» ЖШС-ның бөлім басшысы Ғарифолла Кенжин.

Бір стансаны ретке келтіру – атқарылып жатқан қыруар шаруаның бір бөлігі ғана. Жалпы, облыста сумен қамту бағытында құны 15,5 миллиард теңгеге бағаланатын бес жоба қолға алынған.

Жылу желілерін жаңарту да басты назарда. Оралдағы №7 жылу магистралінде екі шақырымға жуық құбырауыстырылды. Сонымен қатар тағы екі жылу магистралі, Строитель шағынауданының ішкі желілері жаңартылып, жалпы ұзындығы 10 шақырымдай коммуникация қайта төселді.

«Жылумен қамту бойынша барлық жоба аяқталды. Оларды жүзеге асыруға 6,1 миллиард теңге бағытталды», – дейді БҚО Энергетика және ТКШ басқармасының басшысы Бейімбет Мусин.

Жылу маусымы басталар шақта бұл жұмыстың маңызы зор. Магистральдар қаншалықты сенімді болса, суық түскенде оқыс оқиғалар азаяды.

Инфрақұрылымды жаңғырту облыс орталығымен ғана шек-

телмейді. Өңірде электр желілеріне де ерекше көңіл бөлініп отыр. Ұлттық жоба шеңберінде 40 елді мекенді қамтитын 501 шақырым желі жөнделді.

2026-2027 жылдары жалпы құны 16,5 миллиард теңгені құрайтын тағы жеті жоба жүзеге асырылмақ. Биылдың өзінде тоғыз аудандағы 70-тен астам ауылда 380 шақырым электр желісі жаңартылмақ. Сонымен қатар екі қосалқы станса салынады. Ал Ақсай қаласында сумен қамтуға бағытталған төрт жоба басталады деп жоспарланып отыр.

БҚО – энергетика мен коммуналдық секторды жаңғырту жөніндегі Ұлттық жобаға алғашқылардың бірі болып кіріскен аймақ. Өңірде осы мақсаттарға 31,6 миллиард теңге тартылған. Қазір 11 жобаның жұмысы жүріп жатыр, тағы 11 жобаны биыл аяқтап, пайдалануға беру жоспарда бар.

Бағдарламаның ауқымы тек бөлінген қаржымен шектелмейді. Басты мақсат – апат болғанда ғана іске кірісіп, жырттықты жамайтын бұрынғы әдістен арылу. Сондықтан облыс мамандары тозығы жеткен жерлерді жартылай жөндеуді қойып, жүйелі түрде толық жаңартуға көшті.

Арнайы жоспар бойынша 2029 жылға қарай өңірдегі электр желілерінің тозуын 11 пайызға, су ағызу инфрақұрылымын 48 пайызға, су мен жылу жүйелерін 43 пайызға төмендету көзделген. Енді бұл көрсеткіштер қағаз бетінде қалмай, тұрғындардың тұрмысында көрініс табуы үшін қыста үй жылы болып, краннан тоқтаусыз су ағып, тозған сымдардың кесірінен себепсіз жарық өшпей, коммуналдық жүйелер үздіксіз жұмыс істеп тұруы керек.

Айдар ДӘУІТҰЛЫ

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Қаныш Сәтбаев атындағы канал» филиалы, БСН 110941009767, Павлодар облысында, Май ауданы, Баскөл ауылында орналасқан 40 000 тонна көлемінде өзен (құрылыс) құмын бағаны төмендетуге аукцион тәсілімен сату бойынша сауда-саттық өткізілетіні туралы хабарлайды. Аукционның басталу күні мен уақыты – 2026 жылғы 13 қазан күні сағат 10:00-да. Өтінімдер мүлкті сату бойынша электрондық сауда-саттық ақпараттық жүйесінің <https://payda.e-qazyna.kz> веб-порталы арқылы қабылданады.

«Күлкінің жеңбейтін
дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» — ара болады,
шаққан жері жара болады».

Оспанхан Дүбәкіров

«Күле білу — өмір,
күлдіре білу — өнер,
күлкі болу — өлім».

Сейіт Ненжеахметұлы

АРА



№ 182

26.09.2026ж

«Айқынның»
сатиралық қосымшасы

ӘЙЕЛ БАҚША



— Алло, саламатсыз ба? Иа, иа, Гүлжәмилә Амилаевна тындап тұр. Қайдағы балабақша? Бұл қатынбақша, ой кешіріңіз, «Әйел бақша» дегенім ғой. Иа, қабылдаймыз. Әйелің қай жылғы еді, 79 ба? Е, мұнда 59-69-99 жылға дейінгілер бар. Әсіресе 99-дар көп бізде. Былай да, былай да тоқсан тоғыз шетінен. Ой, кез келген әйелді қабылдай береміз. ЦОН-нан жолдама алып келсеңіз болғаны. Медсправка міндетті түрде болу керек, сосын ішпейді, шекпейді, шаштасып төбелеспейді, прямой эфирде отырып, әлеуметтік желіде аузына келгенді айтпайды деген де қағазы да болу керек. Танертең 9:00-де әкелесіз, кешкі 18:00-де алып кетесіз. Жок, бір аптаға қалдырып кетуге болмайды. Ой, білеміз ғой еркектерді, бір аптаға деп тастап кетеді де кейін алмай қояды. Ойбай, тәте әйелсіз жақсы екен, рахат екен, үйреніп қалдым деп тайып тұрасыңдар. Ой, не істеуші ек ондайда, амал жоқ ЖЕНДОМ-ға өткіземіз. Детдом емес, Жендом. Иа, деддом сияқты бірақ женский дом. Не істейд, терезеге телміріп отырады, сосын «мені де келіп бір еркек алып кететін шығар», — деп еніреп-боздап. Жақсы, әкеліңіз көрейік. Басында жарты күнге әкеліп жүресіз ғой обедке дейін. Жыламаса, кейін алтыға дейін қалдыра бересіз. Әрине, барлық әйелдерді тәрбиелейміз айтып тұрмын ғой. А, сабақтар ма, сабақтар: «Еркек тілі» бар, «Ене тәрбиесі» бар. Жогей, қайдағы физкультура, «Ене тәрбиесі» деймін «Байтану». «Байтану» қайдағы «Абайтану»? «Өзін-өзі бағу», «Құдағидың аузын жабу», «БЖБ, ТЖБ» деген ұрыс шығару сабақтары бар. Иа, кез келген мектептегі БЖБ, ТЖБ-лар ұрыспен бітеді ғой ақыры. Сосын «Ақшаматика», «Өсековий маркетинг», «Күдалогия», «Дастарханометрия», «Әйел әдебиеті», «Әлем әдебиеті» емес, «Әйел әдебиеті». Құрсын неғыласыз әлемді зерттеп? Бір қатынды зерттеп алсаңыз жетпей ме, иа сосын «Қайыноформатика», «Көршіграфия» және «Дүниежынау» тарихы бар. Жок, сурет салу жоқ, оның орнына «Төсек салу» бар бізде. Енді ол да маңызды ғой. Қонаққа көрпе сала алмайтын келіншектер бар қазір. Ағылшын тілі жоқ, «Абысын тілі» «Ішет тілі» иа, күйеуі мас кезде қалай сөйлесу керек деген пән ғой, «Мастар тілі» деп те айтамыз, иа. «Төсберу дайындық», жок, «Әскери дайындық» емес, «Төсберу дайындық» енді күйеубалаға төс тарту, құдаға жанбас, қызға құйымшак соның бәрін үйрететін пән ғой және «Қайыножұрттан дара тыныстану» ол ма, қайыножұрттан қалай құтылу керек сол туралы ғой. Ой, әйелдер тез меңгереді оны. Иа, өте жақсы білім алып шығады көбісі, Ну и кейбіреулері қалай келді дура высоковольтная болып солай кетеді. Как говорится «Бір әйел жақсы, а бір әйел өкініш орай». Ең бастысы, аман болсыншы әйтеуір! Всё, келістік әкеле беріңіз!!!

Бауыржан ОРДА

САЙТАНДАР-АЙ, САЙТАНДАР...

Кейуана кебісіне сүріншектеп ілбip келе жатты. Сәл жүрсе-ақ алқынып, жан-жағына алақтап қарайды. Орындық кездесе отыра кетеді. Сол отырғаннан мол отыра бергісі келеді. Бірақ үшінші қабаттағы пәтеріне жетіп алғанша тағаты қалмайды. Дүкеннен алған айранын ішіп, төсегіне қисая кеткісі бар.

Кейуана орындықта ұзақ отырды. Өткен-кеткен оқиғаларды есіне алды. Шіркін-ай, ол да бір кездері толықсыған бойжеткен еді. Жігіт-желең жолына жығылып, сонынан жалт қарайтын. Бұл болса толқынды шаштарын сіркіп тастап, сылқ-сылқ күлетін. Оның күлкісі де сиқырлы еді, талайлар талып қала жаздамаса да, жығылып барып әзер дегенде түзелуші еді.

Шалы, ол кезде зінгіттей жігіт қой, сонынан біраз жүгірді. Ынтықтырып, зарықтырып барып қолын зорға ұстатып еді. Жарықтық жақсы жан болып жолықты. Бетіне жел болып тимепті.

Алланың бергеніне шүкір деп жүріп жатты олар. Қайдары айбарлы кісі еді ғой. Тұрмыстары тәуір болды. Мұны ешкімнен кем еткен жоқ. Бұл балаларын туып бергенді ғана біліпті. Сөйткен шалы мұны жалғыздықтың тұманына қалдырып кете береді деп кім ойлаған?

Қыздарынан қайран болмады. Тұрмысқа шығып алған соң жай-жайына кетті. Алғашқы жылдары тапқан бөпелерін әкеліп тастап, бақтырушы еді, кейін мұны да қойды. Ал балалары... бала емес, бақа болып шықты. Әкелері өлген соң кең сарайдай үйді саттырып, бөлісіп алды. Кемпірге тигені құрқыптайдың ұясындай ғана пәтер.

— Сізге әзірге осы да жарай тұрады. Кейін кеңірегін сатып әпереміз, — деп жұбатты үлкен ұлы.

Бірақ сол кеткеннен мол кетті. Содан бері Балкия кемпір көзіне күн салып жолға қарағыштаумен келеді. Алайда босағасын аттаған бір ұлы не қызы жоқ. Бар алданышы көршілерінің кара домалақ балалары ғана болып қалды. Олардың өздері кейде мұны адам ғұрлы көрмей кетеді.

Балкия осыларды ойлап ауыр күрсінді. Әрі отырып, бері отырып ұйқысы келді. Орындыққа қисайғаны сол екен, көзі ілініп кетіпті.

Кейуана күбір-сыбырдан оянып кетті. Қасында шаштары добыраған, көздері шапыраштанған екі қыз отыр екен. Алғашында сайтан екен деп шошынып, орнынан тұрып кете жаздады. Бірақ екі қыз екі иығынан басып, тырп еткізбеді. Балкия шалқақтап құлап барып түзелді.

— Жаналғыш сияқты жағадан ала түскендерін не? Өздерің кімсіңдер? Сайтансыңдар ма, сай-қалсыңдар ма?

— Ойбай, апа! Сайтан да емеспіз, сайқал да емеспіз. Қазақтың кара домалақ кара қыздарымыз.

— Қайдам? Қазақтың қыздары бүйтіп бас салмайтын еді. Ибалы болатын. Сыпайы еді. Осы сендер қайдан шыққан пәлесіндер?

— Қайдан шыққаны несі? Біз қайырымдылық ұйымының өкілдеріміз. Сізді көптен бері білеміз. Бір бөлмелі шағын пәтерде тұрасыз. Жағдайыңыз мез емес. Сізге ешкім қараспайды. Сондықтан сізге қамқоршы болып келдік.

— Тамағыңызға дейін жасап беріп тұрамыз.

— Әй, бұл неткен батпан құйрық?..

— Әже, мемлекетіміздің осындай бағдарламасы бар. Қарт кісілерге көмек көрсетеміз.

Екі қыз кейуананы қолтықтап үшінші қабаттағы пәтеріне алып келді. Біреуі үй ішін жинастырған болды. Екіншісі асханада әлденені қиюластырған болды. Балкия әжеге үйіне адам кіріп, шүйіркелесіп сөйлесуге мүмкіндік табылғаны үлкен қуаныш еді. Қамқоршы екі қыз сөзге келгенде енді алдарына жан салмайды екен. Ананы айтты, мынаны айтты, кемпірді күлдірді. Өздерінің шынайы жанапыр екенін осылай білдірді.

Сәния мен Жұпаркүл күн аралатпай келіп тұрды. Екеуі әжелеріне қолында барын беріп тұрды. Балкияға бұл көктен түсе қалған бақыт сияқтанды. Екі қызы бар. Кірі жуулы, төсегі салулы. Тамағы пісіп тұр. Екі қыз қайда жұмсаса да құстай ұшып тұр. Қарт кісіге бұдан артық қандай жағдай керек?

Бір күні Сәния әжесіне сыр ақтарды. Оның айтқан сөзі періштенің сөзі сияқтанды.

— Әже! Жұпаркүл екеуіміз көптен бері ойластырып жүрміз. Сізге мына бір бөлмелі пәтер тым тар. Сондықтан құжаттарыңызды әзірлеп, сізге екі бөлмелі пәтер алып беруіміз керек. Бұған сізді қолдайтын бағдарлама бар. Көп кешікпей жаңа пәтер аласыз. Балаларыңыз, немерелеріңіз келгенде қуанып қалады, — деп Сәния сызылғанда кемпір сары майдай еріп қоя берді.

Сол күннен бастап Сәния мен Жұпаркүл кейуананы ұршықша шыр айналдырды. Шыр айналған бас пыр етіп құлап түсті. Екі қызға пәтерінің құжаттарын қалай ұстатқаны есінде жоқ. Екі бойжеткен сол кеткеннен мол кетті. Балкияның жолға қарай-



қарай көзі талды. Көшеге шығып та қарайды, пәтерінің қылтима-сында отырып та қарайды, екі қыз жоқ.

Бір күні есік қонырауы сыңғыр ете қалды. Әншейінде құлағы ауырлау Балкия бұл жолы селк етіп оянды. Есікті ашып қараса... Сұмдық! Бір қора адам келіп тұр. «Пәтерді босатыңыз, бұл біздікі!» деп бұйрық беріп тұр.

Балкия былқ етіп барып сылқ құлап түсті. Оған қарайтын кім бар, пәтерге баса-көктеп кіріп алғандар әр бұрышты тінтіп жүр. Екі әйел Балкияның аяқ-қолынан ұстап көтеріп, аулаға апарып тастады. Артынша құрылысшылар келіп, үйдегі артық заттарды сыртқа шығарып, пәтерді жөндеуге кірісті.

Балкия көшеде жатып есін жиды. Сүйретіліп үшінші қабаттағы пәтеріне келді. Үй іші астан-кестен. Шан, топырақ! Құрылысшылар жұмысқа қызу кірісіпті. Есік алдында тұрған жуан әйел Балкияны кеудесімен итеріп, сыртқа шығарып жіберді.


Содан бері Балкия аулада түнеп жүр. Айнала кең жазира жазық. Кейде гүлзар арасына барып та қисая кетеді. «Сайтандар кең үй алып береміз деп еді. Кең үйі осы екен ғой» деп күбірлейді.

Бір өкініштісі, кейуана далда тентіреп қалыпты деп үкімет адамдары да, перзенттері де іздеп келген жоқ.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ

ҚАУҒАБАЙ НЕГЕ ҚАПАЛАНДЫ?

(ӨЗІЛ ӘҢГІМЕ)



Бір ауданда он шакты жазушы тұрады. Бірі поэма тербейді, бірі повесть сүйретеді, енді бірі макала тықпалап, редактордың миын жейді. Соңғы кездері ұялы телефонмен өлең жазатын жастар қосылды. Сөйлемді қысқартып «сөйлейтін» буындар келді.

Тату-тәтті тірлік. Қаламгер атаулы бір қауым елге айналып, бір-бірінің кітаптарын оқымаса да, қол қою рәсіміне барып, фотоға түсіп жүр.

Бәрі жақсы еді, ауданның тыныштығын таң атпай Қауғабай шал бұзды.

Қауғабай дегенің — ата сақалы аузына түскенімен, қаламы әлі қарулы. Сатираның серісі. Жай күлдірмейді тұзап күлтек қылады.

Сол сықақшы бүгін үйден атынып шықты. Екі қолы қалтасында кек сақтап тұр. Әкімнің кеңсесіне жетіп барды да, есікті емес, жүйкесін тепті.

— Әй, Талтаңбай! — деді. — Сен неге бізді алалайсың?!

— Қашан? — деп ұйқылы-ояу әкім есігін әрең ашты.

— Көшеге өңкей акындардың портретін жарқыратып іліп қойыпсың. Немене, біз тоқалдан тудық па? Әлде әдебиеттің өгей баласымыз ба?!

— Олар ұлы акындар ғой... Қарашы, көздерінде терең тұңғиық жатыр, — деді әкім терін сүртіп. Бірақ маңдайы емес, борбайы суланып кетті.

Қауғабайдың тілі ашы. Қалалған жерінен қан алады, ал тілі тиген жерде әкім домалап айнайды.

— Сонда біздің көзіміз не? Тартылып қалған көлшік пе?! Сендерге тереңдік керек болса, менде қарақұрттың уындай шындық бар!

— Қарағым, сатира қауіп төндіре ме? Мына акындардың кейбірі бір-біріне өлең арнаудан аспағандар. Ал біз әкімдердің жұмысын сынап, қоғамның қанын сорғандарды әшкерелеп жүрміз!

Әкім үндемеді. Тек танауы таңқып, салы суға кеткен адамдай мелшиіп қалды.

— Шырағым, шыныңды айтшы, көшеге сықақшының сөзін ілсең, тақияна тар келе ме?

Әкім әдеттегідей:

— Аға, турасын айтсам, яғни сізді ілсек, сөзіңізге жұрт күліп, көлік жүргізіп келе жатқан адам жол апатына ұшырауы мүмкін. Егер ол қатты жылдамдықпен жүрсе, адам шығыны болады. Сондықтан әкімшілік комиссия солай шешті...

Қауғабай шал сәл үнсіз қалды. Жұрт оны жәй ашулы деседі, бірақ бұл үнсіздік боран алдындағы тыныштық сияқты.

— Әй, бүйткен шешімдерінді ұрайын! — деді ол ең соңында ашуланып.

— Акындар қабырғада, сатириктер табалдырықта десейші!

Әкім ештеңе демеді. Қарсы сөйлесе, үстелді теуіп кететін сияқты. Қауғабай артына бұрылып, дүрсендеп кабинетті тастап шықты.

Келесі аптада аудан орталығындағы көшенің қиылысында бір жана баннер пайда болды.

Үстінде жазу:

«Ақын — жүректің үні,
Ал сатира — халықтың тілі.
Жылап айтсаң, өлең,
Күліп айтсаң, шындық».

Төмен жағында Қауғабайдың сынғырлаған «свежий» фотосы ілініпті.

Астына:

«Қауіп төндірген күлімсіреу иесі — Қауғабай Қарсыбеков. Сықақшы, сілкіп-сілкіп сөйлейтін сөз ұстасы».

Жанына бір бағдаршам орнатып қойыпты. Түсінікті болсын деп, үстіне былай деп жазған: «Мұнда күліп тұруға болады, бірақ сақ болыңыз! Шындық соққысыз келмейді»

Сүйтіп, көшедегі сурет дауы осылай шешілді...

Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН

Қарап отырмай, қағынып әлеуметтік желінің ішек-қарнын түгел ақтармасым бар ма? Ойбай, онда не жоқ дейсіз? Жанына не керектің бәрі бар. Демаламын дейсің бе, ем аламын дейсің бе, пажалыста. Сұлу құшамын дейсің бе, шетелге ұшамын дейсің бе, пажалыста. Бел қуатын арттыратын дәрі керек пе, танысатын жандар арасынан жасы керек пе, көрі керек пе, пажалыста. Ал мына біреу бір топ «өлеңін» жариялапты. Оқып отырып құскым келді. Ана біреу тамақ деп жын-жыбыр салыпты, тыш... келді.

Ал енді мына жарнама жарып тұр. Салқын таудың баурайындағы санаторий екен. Төрт мезгіл тамақ береміз дейді. Құлқындары кеуіп бара жатқандарға аямай арақ береміз дейді. Қаншама жесеніздер де бәріне жарап береміз дейді. Емнің елу түрі бар екен. Арқанызды қасытасыз ба, қаныңызды тасытасыз ба, пажалыста. Аяғыңызды укалатасыз ба, арқанызға тас қалатасыз ба, пажалыста. Жан алдырасыз ба, жо-о-о-ок, қан алдырасыз ба, тағы да пажалыста. Емдейтін ауруы жоқ, беліңіз бе, қыяндағы желіңіз бе, бүйрегіңіз бе, арқаныздағы түйнегіңіз бе, жүрегіңіз бе, бауырыңыз ба, шипасы дайын. Аттай шауып, құлындай құлпырып кетесіз.

Жатын бөлмелері қандай, шіркін! Люкс бөлме! Ваннасында ыстық суы да, суық суы да салдырап келіп тұр. Диваны сондай жұмсақ. Негізі, бұл санаторийге долы әйелдерінен қашқандар баруы керек тәрізді. Өйткені дивандары әйелдерден де жұмсақ. Отыра кетсеңіз былқ етеді. Тербеліп отыра бергіңіз келеді. Үйіңізде әйеліңіздің тізесінде не бөксесінде теңселіп ұзақ отыра алмайсыз ғой. Ал мұнда түні бойы теңселсеңіз де еркінсіз. Ешкім қой демейді. Рахат па? Рахат!

Енді осындай сансыз рахаттардан қашатын мені ақымақ көріп отырсыз ба? Жоқ, ақымақтар ауылынан аулақпын. Осы күйіммен талай сұлудың жүрегін жаулаппын. Құс жастықтарға жантайып, жұмсақ төсектерге аунаппын. Сол жарқын күндер мен барқыт түндер есіме түсіп, санаторийге барып, шалқадан түсіп, аруларға арқаға массаж жасатып қайтқым келді.

— Келіңіз! Бізді таңдағаныңыз қандай жақсы болған? Тұрған жеріңізден шыға беріңіз. Күтіп аламыз! — деді демалушыларды күтіп алып, орналастыруға жауапты маман.

Сонымен, арқаланып жолға шықтым. Таудың баурайында, сылдырап аққан бұлақтың басында демаламын деп ойлаған едім. Бірақ тау алыстан мұнартып қана көрініп тұрады екен. Осыған да қанағат дедім. Демей қайтейін, теңгемді алдын ала төлеп қойған едім.



ҚАШЫП ШЫҚТЫМ...

Люкс деген бөлмесі сайтанның сабалағы түнеп кеткендей астан-кестен екен. Әйтеуір, еден жуушы апай үйтіп-бүйтіп тазалап, жаймаларды ауыстырып берген болды. Телевизорда тіл жоқ. Ваннада не жылы, не суық су жоқ. Айттысып жүріп, үні бар телевизор әкелдіріп қойғыздым. Сантехниктер «қорықпаңыз, кешке дейін жылы суда, суық суда келіп қалар» деп жұбатты.

«Мұртқа өкпелеп жүргенде сақал шықты» демекші, жылы суға өкпелеп жүргенде тағы бір пәлесі алдымнан шықты. Бөлмедегі былықтарға ренжіп отырғанда, ем алудың аспандап кеткені айқаптағы жынымды қоздырды. Әуелі барлық анализімді сығып алды. Оның қорытындысы шыққан соң ем-домын бастайды екен. Жан-жағыма қарасам, анаған да бір система, мынаған да бір система салып жатыр. Мені де тәулік бойы жатқызып қойып, күре тамырымнан бір суларды айдады.

— Мына дәріңіз қандай ауруыма шипа? — деп сұраймын білігіме ине шаншып кеткен мейірбикеден.

— Тыныш жатыңыз. Дәрігер белгілеген дәрі ғой.

— Ойбай-ау! Менің анализдерім әлі шыққан да жоқ қой.

— Шықпаса, «құлағымда шу, өкпемде су, асқазанымда әрі-бері ұйытқып жүрген жел, қуығымда көл, өтімде құм, миымда қанғып келген бір жын бар, жүрегім әлдебір қорқыныштан дірілдейді, көзім былшықтанып іріндейді, түні бойы кірпігіме тіреу қойғандай көзім ілінбейді, түсіме бір сұлу кіріп, маған қарап күлімдейді» депсіз ғой. Соған қарап, ем қолданып жатырмыз да, — деді мейірбике.

Менің мынадай мыңдаған сырқатыма қатарымда жатқандарға салып жатқан қоспа ем

болмаса керек-ті. Сонда мына қан тамырларыма сылдырап кетіп жатқан дәрі не болды екен?

— Бәрімізге осы бір сұйықтықты саласыздар да жатасыздар. Не пайдасы барын білмедік. Білегім көгеріп кетті, — деп шеткерек жатқан кемпір ынырысып тіл қатты.

Қызықтың көкесі әлі де алда екен. Анализ шыққан күннен бастап ақылы ем түрі көбейді. «Ана жеріңіз сырқырайды екен, мұрныңыз бұрқырайды екен, асқазаныңыз түйнейді екен» деген сияқты түсімізге де кірмеген ауруларымыз қаптап шыға келді. Дәрігер айтқан соң амал жоқ, санаторий дәріханасынан қапқап дәрі сатып алдық. Айтпақшы, жарнамада барлық ем түрі тегін деген еді-ау.

Бұл, бұл ма, емдік шаралардың көптеген түрі ақылы болып шықты. Жеңіл-желпі ем түрлері болмаса, қалғанының барлығы ақылы. Ақылы болғанда да удай.

Қалтам қағылды. Байқаймын, санаторийдегілердің барлығының жағдайлары мәз емес. Балаларынан теңге сұратқан қариялар тіптен көп. Біреулері «мұндай санаторийі бар болсын!» деп чемодандарын жинап қайтып жатыр. Олардың қарасы да қалын.

Мен де бөстегімді жинадым. Түкке де пайдасы тимей, босқа кеткен теңгелерімді кимадым. Санаторийден қашып шықтым. «Бұлардың күтіп аламыз дегені — қолымызға бір түссен түтіп аламыз дегендері екен ғой» деп қоямын.

Қашып келемін. Дәрігерлер жаяу жүрген пайдалы дейді ғой. Санаторийдің болымсыз ақылы емінен гөрі жаяу жүргенім артық-ау. Әлден соң байқадым, кәдімгідей ширап қалыппын.

С.ОЛЖАБАЙ

КҮЛКІ
КЕРУЕНІ

ЖАТЫНАТАР ЖАҢЫЛТПАН

Ап жемейтін,
Ащы шоптің
Шықпағанынан,
Шықпағаны жақсы ма?
Шықпағанынан
Шықпағаны жақсы ма?

Домбай мен Омбай
Дойбы ойлады,
Омбай оңбай ұтылып,
Ойбайлады.

Ойбайлаған
Омбайға
Домбай қой-қойлады.

Ауым-сауым,
Ұйла-тұйла,
Салдыр-салақ,
Бұл кім?
Кеп тұр құлақ.

Жып-жисақы,
Тап-таза,

Түп-түзу:
Бұл кім?
Ұқыпты болуға ұмтыл!

Маман
Банап берді.
Банады маған бермей,
Оған берді.
Оған бермесе,
Ойбайлап дау іздейді.
Банаптың қазақшасын
«Мәуіз» дейді.

Табанымнан
Тік тұрдым.
Ботқаны отқа қойып
Бұқтырдым.
Бұқтырып қойған ботқам
Бытбырық боп,
Түбі күйді.
Әбігерге түейін
Әрі-бері жүрді де,
Дәрігерге
«Дәрі бер!» деді.
Дәрігер дәрі берін,
Бәрің елмеді.



ЦИФРЛЫ ӘЛЕМ

26 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕНБІ

ЖИ дәуірі алаяқтар схемасын өзгертті. Енді онлайн алаяқтар да басқа амалға көше бастады. Біз ЖИ арқылы жасалатын алаяқтық түрлерін тізіп көруге тырыстық.

А Айсұлу СЪЕЗХАН

Интернет алаяқтық қазір әлемдік мәселе ғана емес, ұлттық қауіпсіздік үшін де үлкен қатерге айналып отыр. Себебі елдегі тіркелген әрбір бесінші кылмыс интернет алаяқтыққа байланысты. Алаяқтардың күрделі әдістері халыққа қаржылай шығын келтіріп, ел экономикасы үшін де зиян тигізіп жатыр. Өкінішке қарай, интернет алаяқтарға алданғандар жөнінде нақты статистика жоқ. Дегенмен ресми деректерге сүйенсек, елде 7 жыл ішінде онлайн алаяқтық 55 есеге өскен. 2018 жылы елде 517 дерек тіркелсе, былтырғы көрсеткіш 28,9 мыңға жеткен. Бұл тек ресми түскен шағымдар тізімі ғана, ал тіркелмеген жағдай қаншама?

Жыл басынан бері кибералаяқтар қазақстандықтарға 30 млрд теңгеге жуық шығын келтірді. Көп жағдайда интернет алаяқтарды анықтау, шығынды қайтарып алу да мүмкін болмайды, себебі әккі алаяқтар елден тыс аумақта да бар. Биыл интернет алаяқтық қарқыны бәсеңдегендей көрінуі мүмкін, бірақ алаяқтық әрекеттер цифрлық ортаға ауысты.

Қазір алаяқтар құрбанын дауыстық хабарлама арқылы да құрығына түсіре алады, бұл ең жиі тарай бастаған әдіске айналып отыр. Қаскөйлер адамның ашық дерекөзіндегі дауыстық жазбасын пайдаланып, оның дауысына ұқсас аудио дайындап алады. Әсіресе мұндайда «апатқа түстім», «шұғыл түрде ақша керек», «полиция бөлімшесіндемін» деген секілді сценарийлерді байқай аласыз. Америкада 2025 жылы алаяқтықтың дәл осындай түріне түскендердің шығыны 5 миллион доллардан асқан көрінеді. Интерпол ұйымының есебінше, тіпті қысқа ғана аудио үзіндіден цифрлық дауыс клонын жасау мүмкіндігі алаяқтардың жеке тұлғаны дәл имитациялауына көмектеседі екен.

АЛАЯҚҚА ПСИХОЛОГ БОЛУДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ

Бұрын алаяқтарды керемет психолог ретінде танитын едік, олар адаммен қандай



ЖИ ДӘУІРІНДЕГІ ЖАҢА АЛАЯҚТЫҚ

интонацияда сөйлесу керегіне дейін жетік меңгеретін. Аяушылық тудыру, адамның көңіл күйіне сәйкес жылы сөйлеу қолдарынан келетін. Ал қазір алаяқтарға психолог болудың да қажеті жоқ, ЖИ арқылы романтикалық қарым-қатынас орнатуға да болады. Нақтылап айтсақ, енді алаяқ өз құрбанын зерттеудің де қажеті жоқ. Бұрын алаяқ бірнеше адаммен бір уақытта сөйлесу үшін ондаған оператор ұстауы керек еді. Қазір жасанды интеллект адам орнына хат жазады, әңгімені жалғастырады, ақпаратты бірнеше тілге аударады, адамның қызығушылығына бейімделіп, жалған әлеуметтік желі профилін толтыруға да көмектеседі. Қарапайым халық өзінің ботпен сөйлесіп жатқанын аңғармай, нақты адаммен эмоционалдық қарым-қатынаста жүрмін деп ойлауы мүмкін.

Сонымен қатар алаяқтар ЖИ арқылы жалған инвестициялық кеңес те жүргізуі мүмкін. Олар өзін қаржылық сарапшы ретінде таныстырып, ЖИ арқылы жалған инвестициялық сайт жасап, сенімді, кәсіби көрінетін аналитикаға дейін дайындайды, одан соң танымал тұлғаның бейнежазбасын да оп-оңай жасап алады. Сайттар мен әлеуметтік желідегі пікірлерге де сеніп қалуға болмайды, себебі мұны да ЖИ жасап береді. Бұрын алаяқтар жазған хаттардағы орфографиялық қатесі күдік тудыратын еді, сол арқылы жақыныңыздың атын жамылып, қулығын асырғысы келгендердің амалын анықтай алуға болар еді. Ал бүгінде ЖИ мәтінді сауатты етіп жазып, оны нақты адамның жеке ерекшелігіне қарай бейімдей алады. Дәл осындай онлайн алаяқтыққа тап болған кейіпкеріміз Айтолқын Арғынның әңгімесін тыңдадық. Оның айтуынша, көмелет жасына толмаған бозбала концерт

жасап алған. Ол Threads желісінде «КешYOU» тобының концертіне билет сатамын деп 2 аптадай белсенді болып жүрді. Біз төлем жасаған соң билет осында деп Ticketon сайтына балама бір сілтемені жіберді, алайда бұл жалған сайт болып шықты. Ол емес, алданып қалған біз ақымақ болыппыз, — дейді Айтолқын.

Кейіпкеріміздің сөзінше, бұл алаяқтық схеманы бірнеше жас бала топтасып ұйымдастырған. Ең сорақысы, алаяқ 15 адамнан жалпы көлемі 400 мың теңгеге жуық шығын келтірген.

ЖАҚЫНЫҢЫЗДЫ ДА ТІРЛІТЕДІ

Алаяқтар қазір жақындарыңыздың дауысын емес, бейнесін де ЖИ-мен жасай алады. Deepfake әдісі арқылы жасалатын бұл алаяқтық түрі бәрінен де қауіпті. АҚШ-тың Федералдық тергеу бюросының ЖИ көмегімен компания басшысы, құқық қорғау органы қызметкері немесе басқа беделді адамның да бейнесін жасап, тіпті видеоқонырауда қолдануы мүмкін екенін ескертеді. Мысалы, жақын адамыңыз, туысыңыз видеоқонырау шалып, шұғыл түрде белгілі бір шотқа ақша аударуды сұрайды. ЖИ сурет, дауыс, бейне, аватармен жасаумен шектелмейді, тіпті жалған ID-құжаттар жасауға да мүмкіндік туды. Демек, ЖИ белгілі бір адам жайлы ақпарат жинауға, жазу стилін анықтауға, дауысын клондауға, толық процесті бақылауға, сценарий жазуға мүмкіндік береді, ал алаяқ тек соңғы кезеңде ғана іске арасады.

АЛАЯҚТЫ ҚАЛАЙ ТАНИМЫЗ?

ЖИ арқылы жасалған дауыстық хабарлама, видео, сурет жеке тұлғаны растаудың жалғыз дәлелі болмауға тиіс. ЖИ құралдары дамыған сайын ақпараттың шынайылығын анықтау қиынға соғып барады. Негізінен, киберқауіпсіздік мамандары отбасы мүшелері арасында алдын ала құпия сөз немесе фраза ойластырып коюды ұсынады. Немесе жақыныңыз ақша сұраса, әңгімені тоқтатып, өзіңіз білетін нөміріне қайта қонырау шалу керек. Алаяқтармен әңгіме үнемі қаржы төңірегінде өрбиді. Алаяқтар өзін банктің, мемлекеттік мекемелердің немесе ірі дүкендердің қызметкері ретінде таныстырып жатады, сондықтан қаржыға қатысты әңгімеде сак болған абзал. Әрине, алаяқ ЖИ арқылы адам сеніміне ие бола алады, бірақ «шұғыл ақша аудар», «ешкімге айтпа», «5 минутта ақша салып жібер» деген секілді сөзді естігенде, асығыстық жасаманыз. Егер белгілі бір ұйымнан қызметкер хабарласса, алдымен сол ұйымның ресми байланыс нөміріне хабарласып, ақпараттың рас-өтірігіне көз жеткізіңіз.



Бұрын алаяқ бірнеше адаммен бір уақытта сөйлесу үшін ондаған оператор ұстауы керек еді. Қазір жасанды интеллект адам орнына хат жазады, әңгімені жалғастырады, ақпаратты бірнеше тілге аударады, адамның қызығушылығына бейімделіп, жалған әлеуметтік желі профилін толтыруға да көмектеседі.

билетін сатамын деп 15-ке жуық адамды алдап соккан.

— Бізді алдаған бала төлқұжатын бірнеше нұсқада ЖИ-дін көмегімен өңдеген. Негізі, банктік есепшотында «Руслан Қ.» деп көрсетілген. Ал бізге жіберген құжаттарда «Руслан Қуаныш», «Руслан Қамыс», «Руслан Тойбасар» деген секілді бірнеше түрлі етіп

**AMANAT**
MEDIA GROUP**AIQYN**

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫБас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТГүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасарыМадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редакторЕлдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Сапхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербәкіт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы
Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ –
Абай облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді**ТАРАЛЫМЫ: 40 000****Тапсырыс №4794**Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,